


«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ҚАЛАЙ КӨШЕМІЗ?

3-БЕТ | ЕЛ ТЫНЫСЫ



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚУАТТАЙДЫ

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



ӘЙЕЛ – ӘЛЕМНІҢ АЙНАСЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болады. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы үш есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай екі миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты.

№151
(4895)
Сейсенбі
23 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ

Жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті қатар дамыған Астана – халық саны тұрақты артып келе жатқан қала. Сондықтан елордада бірінші кезекте әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше маңыз беріледі. Өткен оқу жылында Астанада рекордты көлемде, яғни 24 мектеп салынып, пайдалануға берілсе, соңғы жылдары 21 медициналық нысан халық игілігіне айналды. Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте елорданың тыныс-тіршілігі туралы жан-жақты баяндап берді.

4-5



АСТАНА – ДАМУ МЕН ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА

ЖЕКЕ КУӘЛІК ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан азаматтары жеке куәлікті алғашқы берілгенде және мерзімі біткеннен кейін ауыстырғанда тегін алатын болады. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы Аслан Аталықов мәлім етті.

«ІІМ бастамасымен енгізілген ерекше тәжірибе құжат алу процесін жеңілдетуге және азаматтарға түсетін қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған. Алғашқы жеке куәліктер алғаш рет берілгенде тегін болады. Сондай-ақ жеке куәлікті мерзімі аяқталғаннан кейін ауыстыру кезінде де мемлекеттік баж алынбайды» деді Аслан Аталықов.

ЕЛОРДАДА – МӘСКЕУ КҮНДЕРІ

Елордада Мәскеу күндері өтті. Қазақстан мен Ресей астаналарының бауырластық қарым-қатынасының 25 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шаралар астаналықтарға көзайым қуанышты сәттер сыйлады.

Алдымен мәскеулік әртістер елордалық балаларға жаңажылдық қойылымдар сахналап, 400-дей жеткіншектің көңіл-күйін көтерсе, Ресей астанасынан арнайы келген спортшылар қауымы бірқатар спорт нысандарында болып, астаналық спортшылармен бірлесіп шеберлік сабақтарын өткізді.

Астанадағы Мәскеу күндері аясында өткен «Мәскеу мен Астананың екіжақты қарым-қатынасы: 25 жыл. Нәтижелер» атты дөңгелек үстел іс-шарасында екі астананың ынтымақтастық жолындағы жетістіктері мен перспективалары жан-жақты айтылды.

(Жалғасы 7-бетте)



ҰБТ-ға ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Кеше еліміз бойынша қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау басталды. Талапкерлер өтініштерін қабылдау 30 желтоқсанға дейін жалғасады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында немесе UTO қосымшасы арқылы жүргізіледі. Тестілеудің өзі 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтеді.

«2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз сақталады. ҰБТ құрылымы бұрынғы қалпында қалады: талапкерлер үш міндетті пәнді және таңдауы бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен 10 тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәннің әрқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермейді және 140 балл» делінген министрлік хабарламасында.

№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ 5 ЕСЕ ӨСТІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербург қаласында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына қатысты. Кездесуге Қазақстан Президентімен бірге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинян, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты. Кеңес отырысында Еуразиялық экономикалық одақ жұмысының келесі жылы атқаратын негізгі міндеттері мен бағыттары талқыланды. Сонымен қатар жиынға қатысушылар ЕАЭО-ның қазіргі қызметіне байланысты бірқатар мәселе жөнінде пікір алмасты.

ЕАЭО-НЫҢ ЕКІНШІ ОНЖЫЛДЫҒЫ: ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ТҰРАҚТЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербургте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы қонақжайлық танытып, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Президент Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Жаңа жыл қарсаңында Петербургтегі дәстүрлі кездесу жылды қорытындылап, алдағы күнге жоспар құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Президент биыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін мерейлі жыл болғанын еске салды. Ұйым дамудың екінші онжылдығына батыл қадам басты. Осы кезең ішінде өзара сауда-саттық тұрақты түрде өсіп, ірі инфрақұрылым жобалары табысты жүзеге асты және өнеркәсіп кооперациясының аясы кеңейе түсті.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдардағы жаһандық дүрбелеңдерге қарамастан, ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық даму қарқыны бәсеңдемегеніне тоқталды.

«Биыл ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің жиынтық ІЖӨ көлемі 2 пайызға ұлғаймақ. Алдағы екі жылда ІЖӨ өсімі тұрақты болады деп болжанып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ұйым елдерінің бір-біріне салған тікелей инвестиция көлемі 20 миллиард доллардан асты. Қазақстанға келген инвестиция жеті еседей өсті (2015 жылы 600 миллион доллар, 2024 жылы – 4 миллиард доллар). Өнеркәсіп өнімі 29 пайыз артып, 1,5 триллион долларды құрады» деді Мемлекет басшысы.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ДӘУІРІНДЕГІ ҰЙЫМ

Президент ЕАЭО-ның экономикалық әлеуетін одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударып, интеграциялық бірлестікті дамытудың басым бағыттарын айқындады. «Әлем жаппай цифрлық трансформация мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Уақыт ағымынан қалмай, заманауи технологияларды ЕАЭО-ға мүше елдер экономикасының барлық саласына енгізу қажет деп санаймын. Жасанды интеллект технологиясын ЕАЭО қызметіне енгізе бастауды ұсынамыз. Атап айтқанда, мұндай жүйелерді сауда ағынын жоспарлауға және кедендік баж салығының ықпалын бағалауға қазірдің өзінде пайдалануға болады. Келесі жылы Қазақстан ұйымға төрағалығы аясында дәстүрлі Еуразия экономикалық форумын өткізеді. Осы жиында Экономикалық одақ кеңістігінде Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану туралы бірлескен мәлімдеме қабылдауға болар еді» деді Мемлекет басшысы.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ЕАЭО әлемдегі маңызды көлік-логистика торабы бола алады. «Бірлестік құрамындағы мемлекеттердің аумағы арқылы Батыс Қытай – Батыс Еуропа, Солтүстік – Оңтүстік, Транскаспий халықаралық көлік бағдары секілді негізгі дәліздер өтеді. Қазақстан шетелдік серіктестермен бірге (Ресей Федерациясында, Қытайда, Әзербайжанда және басқа да елдерде) халықаралық мультимодальды логистика орталықтары мен терминалдар желісін (Румыния мен Мажарстанда) дамытуды белсенді қолға алды. Серіктестерімізді сауда-саттықты жандандырып, жүк тасымалы шығынын азайту үшін ұйымға мүше өзге мемлекеттерді де осы іске атсалысуға шақырамыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Каспий жағалауындағы теңіз инфрақұрылымы арқылы ынтымақтастықтың тың мүмкіндіктеріне жол ашылатынын жеткізді. Президенттің айтуынша, Каспий теңізіндегі негізгі порттарда орналасқан заманауи контейнер хабтары ұдайы ұлғайып келе жатқан жүк тасымалына қызмет көрсете алады. Бұл ретте ол ұйымға мүше елдердің транзит әлеуетін нығайтуға серпін беретін Кеме қатынасы туралы келісімнің күшіне енуін жеделдетуге шақырды.

ШЕКТЕУЛЕРДІ АЛЫП ТАСТАУҒА ҮНДЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемде сұранысқа ие, қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағдарланған жаңа өндіріс орындарын дамытуға баса мән берген жөн. «Еуразия даму банкі сарапшыларының есебіне сәйкес, ЕАЭО елдерінің өнеркәсіп тауарларын шығару және экспорттау бойынша қосымша мүмкіндігі 67 миллиард долларға бағаланады. Осы әлеуетімізді толық пайдалансақ, түпкі нәтижесі 500 миллиард долларға жетуі ықтимал. Аталған мақсатқа жету үшін өнеркәсіп кооперациясын күшейту қажет. Бұл орайда серпінді инновациялық жобаларға инвестиция құйған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара сауда-саттықтағы әкімшілік кедергілерді толықтай жоятын уақыт келгенін мәлімдеді. «Азаматтардың еркін қозғалуына мүмкіндік бермейтін қолдан жасалған шектеулерді алып тастап, шекарадағы жүк көліктерінің ұзын сонар кезегін жою қажет. Кедендік реттеу және (көлік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық) мемлекеттік қадағалау шаралары ұйым ішіндегі кейбір шешімдерді өткізу құралы ретінде қолданылмауға тиіс. ЕАЭО құрылғалы бері кедергісіз сауда ортасын қалыптастыруға бағытталған біршама құжат қабылданды. Енді осы ортақ міндеттерді мүлтіксіз сақтап, өзара алыс-беріс пен барыс-келіске «тұсау болатын түйткілдерді» уақтылы шешіп отыру керек. Комиссия кедергілерді шұғыл анықтау үшін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық бастамаларына мониторинг жүргізетін жасанды интеллект технологиясын қосу мүмкіндігін қарастырғаны жөн. Кедергісіз нарық пен тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ету басты міндет болуға тиіс. Азаматтар мен бизнес интеграцияның нақты пайдасын көруі керек» деді Мемлекет басшысы.

КЕЛЕСІ ЖИЫН АСТАНАДА ӨТЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық аясын кеңейтуді белсенді қолға алған дұрыс деп санайды. «Биыл Моңғолиямен Еркін сауда аймағы туралы келісімге, Біріккен Араб Әмірліктерімен Экономикалық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бүгін Индонезиямен осындай мәміле жасалады. Біз мұны құптаймыз. Бұл – бірлескен жұмыстың елеулі нәтижесі. Әрі өзге елдердің Еуразиялық экономикалық одақпен сауда байланыстарын тереңдетуге қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Таяу келешекте ЕАЭО-ның Жаһандық Оңтүстік, Араб елдерімен, Оңтүстік-Шығыс Азия және Африка мемлекеттерімен ықпалдастығын кеңейту маңызды деп санаймыз. Сонымен қатар ШЫҰ, АСЕАН секілді басқа да маңызды ұйымдармен ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлу керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, мемлекеттер алдында салмақты шешім мен үйлесімді әрекетті талап ететін күрделі міндеттер тұрғанына назар аударды. Президент келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ органдарына төрағалық ету миссиясы Қазақстан Республикасына өтетінін еске салды. Мемлекет басшысы еліміз жаңа табысқа қол жеткізіп, бірлестік елдерінің игілігін еселеу үшін нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін жеткізді. Президент Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің келесі отырысы 28-29 мамырда Астанада өтетінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым төрағасы міндетін табысты атқарғаны үшін Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкоға алғыс айтты. Сонымен қатар саммитке Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, сондай-ақ Индонезияның, Иранның және Кубаның өкілдері қатысты. Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

МУЗЕЙДЕ ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ның бейресми саммитіне қатысу үшін Санкт-Петербургке келген өзге де мемлекеттер басшыларымен бірге Эрмитажды аралап көрді.



Президенттер Александр және XVIII ғасырдағы Франция өнері залдарында орналасқан танымал көрмелерді тамашалады. Әсіресе, «Алтын көмбе» бірегей коллекциясындағы бағалы металдардан құйылған археологиялық жәдігерлер, тарихи Пикет және Герб залдарының интерьері ерекше қызығушылық тудырды. Меймандар бай қоры арқылы дүние жүзіне мәшһүр музейдің басқа да экспозицияларымен танысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

«Асанәлі Әшімов бүкіл саналы ғұмырын театр және кино саласына арнап, төл мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образдарды шебер сомдап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сахна саңлағы әрі кәсіби киногер ретінде соңына өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтастықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өрелі өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Әшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде сақталады» деп жазылған жеделхатта.

Төлен ТІЛЕУБАЙ



«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ҚАЛАЙ КӨШЕМІЗ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Оған Экология және табиғи ресурстар, Энергетика министрліктерінің, Павлодар облысының және Алматы қаласының әкімдері, ірі энергетикалық кәсіпорындардың басшылары мен сарапшылар қоғамының өкілдері қатысты.

ҚАЙ ӨҢІР АУАНЫ КӨП ЛАСТАЙДЫ?

Мемлекет басшысының энергетика саласын жаңғырту бойынша «ең үздік қолжетімді техникаларға» көшу және орнықты даму есептілігін (ESG) кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыруға назар аударылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Қазақстанның энергетика саласына ластаушы заттардың жалпы көлемінің жыл сайынғы шамамен 39%-ы тиесілі екенін баяндады. Өңірлер арасында ластаушы заттар көлемінің басым бөлігі Павлодар облысына тиесілі, ондағы негізгі ластаушылар – Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2. Сонымен қатар, Алматы қаласында да ауаның ластануының жоғары деңгейі сақталып отыр.

Эмиссияларды қысқарту мәселелері бойынша «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 стансасы» АҚ және «Алматы электр стансалары» АҚ басшылары тыңдалды. Орнықты даму қағидаттарын сақтау мақсатында үш нысанда эмиссияларға мониторинг жүргізудің автоматтандырылған жүйесі (МЖАЖ) енгізіледі. Деректер Экология министрлігіне нақты уақыт режимінде беріледі. Толық қосылу 2026 жылға жоспарланған.

КӨМІРДІҢ ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов Президенттің «таза көмір» технологияларын пайдалану жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы хабардар етті. Мәселен, жүргізіліп жатқан жаңғырту шеңберінде жаңа кәсіпорындар неғұрлым қатаң экологиялық стандарттар мен талаптар негізінде жұмыс істеуде.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту бойынша міндеттер қойды. Біз «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын дәйекті түрде жүзеге асырып келеміз, онда ауаның ластануын азайту және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу бойынша негізгі индикаторлар айқындалған. Оларға қол жеткізу – барлық жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тікелей міндеті. Өз кезегінде кәсіпорындар қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуды және күл-қоқыс қалдықтарын қайта өңдеуді қамтамасыз етуі қажет» деп атап өтті жиында Олжас Бектенов.

Одан бөлек Мемлекет басшысы Үкіметтің алдына энергетика саласын түпкілікті жаңғырту міндетін қойды. «Таза көмірдің» заманауи технологияларына тез көшу керек. Бұл көмір электр стансаларының тиімділігін арттырады және қоршаған ортаға зиянды заттар бөлуді азайтады. Әсіресе біз осындай қорға ие бола тұра, көмір генерациясынан бас тарта алмаймыз, бұл – объективті шындық. Сондықтан оны қолдана беретініміз анық. Бұл ретте көмірден энергия өндіретін барлық қуат көздері заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Жаңа технологиялар көмірді жағу кезінде зиянды қалдықтар көлемін барынша азайтуға мүмкіндік береді.



Энергия көздерін жаңғыртудағы әрбір жұмыстың нәтижесі ластаушы заттарды ең аз бөлу талаптарына сәйкес болуға тиіс. Бұған ұмтылу керек және осы басты межеден ауытқымау қажет. Біздің алдымызда үш ЖЭО салу бойынша және Екібастұздағы жаңа энергоблоктар бойынша үлкен жобалар тұр. Бұл жаңа жобалардың барлығы зиянды қалдықтарды мүлдем шығармайтындай жаңа талаптар бойынша жүзеге асырылады» деп түсіндірді Премьер-министр.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЗИЯНСЫЗ ЕТУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Жиында Қазақстанның «KazWaste» қалдықтарды басқару қауымдастығының атқарушы директоры Вера Мұстафина, «Жасыл Академия» ғылыми білім беру орталығының директоры Бақыт Есекина, «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы Айгүл Соловьева сынды қоғамдық ұйым өкілдері сұрақтар қойып, ұсыныстарын айтты.

Жиын қорытындысы бойынша Олжас Бектенов заманауи «таза көмір» технологияларына жедел көшуге қатысты іс-шаралар қабылдауға тапсырма берді. Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу жобаларын жүзеге асыру кезінде тек қана таза технологиялар қолданылуы керек.

Энергетика министрлігіне энергетика секторын цифрландыру бөлігінде ЖИ-дің озық технологияларын, сондай-ақ салада қолдану үшін қолда бар отандық цифрлық шешімдерді зерделеу тапсырылды.

Бұдан басқа, қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың заманауи технологияларын енгізу арқылы барлық қалдықтарды кейіннен қайталама айналымға тарта отырып, барлық өнеркәсіптік қалдықтарды түгендеуді жүргізу тапсырылды.

ТАЗА ЭНЕРГЕТИКАҒА КӨШУДІ НЕДЕН БАСТАЙМЫЗ?

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін Қазақстандағы ең ірі ТОП-50 компания «ең үздік қолжетімді технологияларды» енгізу негізінде кешенді экологиялық рұқсаттар алу рәсімін бастады. Бүгінде тиісті жол карталары жүзеге асырылуда.

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 стансасы» АҚ және «Алматы электр стансалары» АҚ-дардың кәсіпорындары Энергетика министрлігі бекіткен газ тазарту жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғыртуды, электр сүзгілерін жаңартуды, азот тотығы, күкірт қалдықтары және шаң-тозаңды азайтуды, сондай-ақ орнықты дамуға және неғұрлым таза энергетикаға көшуге бағдарлауды растайтын анағұрлым экологиялық технологиялық шешімдерге көшуді көздейтін жол карталарын жүзеге асырады.

Павлодар облысындағы жалпы ластаушы заттар көлемінің 34%-ы – Екібастұз ГРЭС-1 үлесінде. Бірқатар энергоблоктағы электростатикалық сүзгілер күрделі жөндеуден өтті, бұл шаң концентрациясын 400 мг/нм3-тен 350 мг/нм3-ке дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар 2023-2025 жылдар аралығында санитариялық-қорғау аймағына 23 мыңға жуық көшет отырғызылып, 250 гектарға жуық күл үйіндісі сүріліп тасталды. Осы кезеңде қоршаған ортаны қорғау шараларына салынған инвестицияның жалпы көлемі шамамен 5 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ өңірдегі жалпы ластаушы заттар көлемінің 8,8%-ын Екібастұз ГРЭС-2 шығарады. Аспирация жүйелерін жаңғырту зиянды қалдықтары 2,57 мың тоннаға азайтты. Микроимпульстік технологияны қолдану шаң-тозаңының қоюлығын сейілтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ күл үйінділеріндегі шаң-тозаңды басу, құрғақ күлді өңдеу, Солнечный кенті мен өнеркәсіп алаңының аумағында жасыл желектерді күтіп-баптау сияқты бірқатар кешенді шара жүзеге асырылуда. 2025-2027 жылдарға жоспарланған инвестиция көлемі 8,1 млрд теңгені құрайды.

Алматы қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарынан шығатын ластаушы заттардың 83%-ы – «Алматы электр стансалары» АҚ үлесінде. Ал электр стансалары кең ауқымды экологиялық трансформацияны, яғни газға көшуді жүзеге асыруда. Бұл №2 ЖЭО шығаратын зиянды қалдықтар көлемін 93%-ға, ал №3 ЖЭО шығаратын ластаушы заттар көлемін 88%-ға азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте шаң мен күкірт тотығының қалдықтары толығымен жойылады, азот тотықтары 680 мг/нм3-тен 35 мг/нм3-ке дейін төмендейді.

Зиянды заттар көлемін азайта отырып, жаңғырту және газға ауыстыру бойынша осындай жұмыс №3 ЖЭО-де жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде мұнда шаң, күкірт тотығы сияқты ластаушы заттар толығымен жойылады және азот тотығы азаяды. Соңғы екі жылда кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғауға жұмсаған шығындары шамамен 3,2 млрд теңгені құрады.


ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЛАЙ ЖОЯМЫЗ?

Одан кейін қоғамдық ұйымдардың өкілдері сұрақтар қойып, ұсыныстарын айтты. Қазақстанның «KazWaste» қалдықтарды басқару қауымдастығының атқарушы директоры Вера Мұстафина қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату мәселесін көтерді.

«Жасыл Академия» ғылыми білім беру орталығының директоры Бақыт Есекина кәсіпорындардың декарбонизациядағы қызметі үшін қосымша критерийлерге бастамашы болды. Сондай-ақ ол ластаушы заттарды азайтуға және көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге климаттық қаржыландыруды тарту үшін халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейтуді ұсынды.

«Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы Айгүл Соловьева кәсіпорындарды парниктік әсерге қарсы күрес, ESG-қағидаттарын енгізу және көміртегі ізін азайту жөніндегі жұмысты жандандыруға шақырды. Алматы қаласындағы экологиялық стандарттардың деңгейін еуропалық көрсеткіштермен салыстыруға болатыны атап өтілді, бұл азаматтардың аралассуы жоғары деңгейде екенімен және корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жақсы дамуғанымен байланысты. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» тобына кіретін жекелеген жылу энергетикалық нысандардағы жұмысты күшейту және технологиялық шешімдерді енгізуді егжей-тегжейлі пысықтау қажеттігі айтылды.





№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Қала басшысы 2025 жылы атқарылған жұмыстар мен өзекті мәселелерге тоқталып, алдағы кезеңге арналған жоспарларымен бөлісті.



ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС – НАҚТЫ НӘТИЖЕ

Әкімнің айтуынша, 2025 жылы Астана қаласында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, көлік жүйесін дамыту және әлеуметтік нысандар салу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен балабақшалар пайдалануға беріліп, денсаулық сақтау және спорт инфрақұрылымы кеңейтілді. Сонымен қатар, жол-көлік желісін жақсарту мақсатында бірқатар жол учаскелері іске қосылды.

Қала әкімі 2026 жылға арналған жоспарларға да тоқталды. Оның айтуынша, алдағы жылы әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, инвестиция тартуға және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға басымдық беріледі. Әсіресе, мектептер мен медициналық нысандардың құрылысын жалғастыру, қоғамдық көлікті жаңарту және абаттандыру жұмыстарын күшейту көзделген.

АБАТТАНҒАН АУМАҚ КӨБЕЙДІ

Астанада 2025 жылы 170 аула мен қоғамдық кеңістік (саябақ, гүлзар, желекжол) абаттандырылды. Қаланы абаттандыру жұмысымен қатар ауқымды көгалдандыру да жүргізілді. Биыл қала аумағында 1,1 миллионнан астам жасыл желек отырғызылды.

Әкімнің айтуынша, абаттандыру жұмыстары Астана қаласының барлық ауданын қамтыды. Мәселен, Ататүрік атындағы саябақтың жағалауы тас жағалау технологиясын қолдану арқылы жаңартылды. Бұл аумақтың сыртқы келбетін жақсартып қана қоймай, жағалауды судың шайылуынан қорғауға және суға жақын аумақты қауіпсіз етуге мүмкіндік берді.

– Бейбітшілік пен келісім саябағында «Өмір ағашы» монументінің күмбезін қоса алғанда, бірегей арт-инсталляциялар орнатылды. Мәмбетов көшесі бірыңғай сәулеттік стильде абаттандырылды, сол сияқты «Тұлпар» сауда үйінің алдындағы сквер жаңартылды. Сонымен қатар магистральді көшелер – Мәңгілік ел, Абай, Нәжімеденов, Түркістан көшелерін абаттандыру жұмысы қатар жүргізіліп жатыр. Біз кедергісіз орта қалыптастыруға көштік: ыңғайлы әрі қауіпсіз тротуарлар мен өткелдер жасалуда. Триатлон паркінің маңындағы жағалауды қайта жаңғырту жалғасуда: серуендеуге арналған жаңа орындар, спорт аймақтары ашылып, ірі ағаштар отырғызылып жатыр, – деді Жеңіс Қасымбек.



Астана әкімі GreenLine жаңа жаяу жүргіншілер желекжолының жүзеге асырылу барысы туралы да айтып өтті. Жалпы ұзындығы 3 шақырымнан асатын бұл желекжол Төле би көшесінен Айтматов көшесіне дейін созылады. Жоба екі кезеңге бөлінген. Бірінші кезең – Әнет баба көшесінен Күлтегін көшесіне дейінгі аумақ толық аяқталды. Мұнда ірі ағаштар отырғызылып, тоғандар жүйесі жасалды, сондай-ақ ойын және спорт алаңдары абаттандырылды.

Сондай-ақ Астанада Жүргенов көшесі абаттандырылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай Сарайшық ауданында жаңа «Жұмысшы мамандықтар аллеясы» салынды. Аллея аумағында балалар ойын алаңы мен жаттығу құрылғылары орнатылып, ағаштар отырғызылды, жергілікті суару жүйесі жүргізілді. Үйдің қасбетіне жұмысшы мамандық иелеріне арналған мурал салынды, тақырыптық инсталляциялар орнатылды және басқа да абаттандыру элементтері жүзеге асырылды. Ал Алматы ауданында жалпы аумағы 25 000 шаршы метрді құрайтын Күйшілер аллеясына ауқымды қайта жаңғырту жүргізілді. Мұнда ойын алаңдары, жаттығу және воркаут аймақтары жасалып, орындықтар орнатылды, кешенді көгалдандыру жүргізілді, заманауи суару жүйесі орнатылып, автотұрақ аумағы кеңейтілді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026 жылы ауқымды жоба – Мыңжылдық аллеясын іске асыруды бастаймыз. Оның тұжырымдамасы транзиттік көлік қозғалысынан тыс, серуендеуге, спортпен шұғылдануға және демалуға қолайлы 4 шақырымдық желілік саябақ құруға негізделген. Жоба бірнеше кезеңге бөлінген: алғашқы кезең белсенді түрде дамып жатқан тұрғын үй кешендері орналасқан аумақтарды қамтиды; сонымен қатар «Нұрлы жол» вокзалы маңында маңызды тартымды орынға айналатын вокзал маңы саябағын іске асыру жоспарланып отыр» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Әкімнің сөзінше, алдағы уақытта Мыңжылдық аллеясы бірнеше жыл бойы кезең-кезеңімен дамитын болады. Бұл ретте негізгі идея – үздіксіз жасыл маршрут қалыптастыру, заманауи қоғамдық кеңістіктерді, кедергісіз ортаны, автономды дренаж жүйесін және көгалдандыруды сақтау көзделеді. Мыңжылдық аллеясы қаланың жаңа осіне айналып, негізгі аудандарды өзара байланыстырып, елорда тұрғындары мен қонақтары үшін жайлы, заманауи әрі экологиялық кеңістік қалыптастырады.

ЖАҢА ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАР САЛЫНАДЫ

Жеңіс Қасымбек брифингте елордада инфрақұрылымды дамыту мақсатында тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің бірқатар нысаны салынып жатқанын атап өтті.

– Бұл нысандар қаланың жылу және электр қуатын, сондай-ақ сумен қамту мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған дейін сорғы-сүзгі станциясы (ССС-3), газбен жұмыс істейтін жылу станциялары, электр қосалқы станциясы және басқа да нысандар салынып, пайдалануға берілген болатын, – деді қала әкімі.

Осыған дейін үшінші ауыз су станциясының (ССС-3) және Астана су қоймасынан тартылған екінші су құбыры желісі құрылысының аяқталуы нәтижесінде қалаға тәулігіне қосымша 100 мың куб метрден астам ауыз су жеткізілді. Қазіргі уақытта профицит көлемі тәулігіне 60 мың куб метрден асады. Биыл ССС-4 станциясының құрылысы басталды, ол қаланы алдағы онжылдықтар бойы тұрақты сумен қамтамасыз ететін болады (ары қарай ССС-3 станциясын кеңейту жоспарланып отыр). Сонымен қатар кәріз-тазарту құрылысының (КТҚ-1) қуаты ұлғайтылуда, сол сияқты КТҚ-2 құрылысы басталды. Сондай-ақ қалада Көктал, Өндіріс елді мекендерінде және Индустриялық паркте жергілікті тазарту құрылысын салу жобаларын іске асыру қолға алынды. Аталған жобаларды 2028-2029 жж дейін аяқтау жоспарланып отыр, нәтижесінде су бұру мәселесі толық шешіледі.

«Жаңа жылу көздерін іске қосу нәтижесінде жылу жүйесінің қуаты 34%-ға артты, артық қуат көлемі сағатына 500 гигакалорияны құрайды. Қазіргі жылыту маусымы штаттық режимде өтіп жатыр. Мәселен, бүгінгі күні ауа температурасы -20°С болған кезде жылу қорының профицит мөлшері сағатына 1500 Гкал/сағ жетіп отыр. Жылу қуатын сақтау үшін «Тельман» жаңа газ жылу станциясының құрылысы жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар ЖЭО-2-ні кеңейтуге дайындық басталып, ЖЭО-3-тің екінші кезегін жобалау жұмысы қолға алынды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елорданы газдандыру жұмысы аяқталуға жақын. Қамту деңгейі 95%-ға жетті, газ 14 елді мекенге тартылды. Келесі жылы бұл көрсеткішті 100%-ға жеткіземіз» деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Астанада қаланың дамуы аясында әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше көңіл бөлініп отыр. Соңғы жылдары Астанада 21 медициналық нысан салынып, пайдалануға берілді. Олардың қатарында Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы, сондай-ақ тұрғындарға қадамдық қолжетімділікте қамтамасыз ету үшін ашылған емханалар жанындағы 19 филиал бар. Баспасөз мәслихатында қала әкімі бас қалада алдағы уақытта қандай медициналық нысандар салынатынын мәлім етті.

«Халық санының жыл сайын артуына байланысты медициналық мекемелерге деген сұраныс та өсіп келеді. Осы



Сұлтан СЕЙІТ



мәселені шешу үшін Есіл мен Нұра аудандарында екі емхананың, Алматы ауданында перинаталдық орталықтың, жаңа көпбейінді қалалық ауруханың, сондай-ақ Есіл ауданында балаларға арналған травматологиялық пункттің құрылысын бастаймыз. Қалалық №2 ауруханың қабылдау-диагностикалық кешенінің құрылысы аяқталу үстінде. Сонымен қатар Сарыарқа ауданында перинаталдық орталық салу жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жылдың соңына дейін «Нұрлы жол» вокзалы маңында бір ауысымда 350 адам қабылдай алатын жекеменшік емхананы ашу жоспарланып отыр. Бұл медициналық мекеме мемлекеттік тапсырыс аясында тұрғындарды қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деді Жеңіс Қасымбек.

Әкімнің айтуынша, алдағы үш жылда елордада денсаулық сақтау саласына қатысты 11 нысанның құрылысы жоспарланған. Олардың қатарында Алматы ауданында салынатын перинаталдық орталық, жаңа заманауи көпбейінді аурухана, 6 жаңа толық форматтағы емхана (оның 2-еуі мемлекеттік), сондай-ақ жедел медициналық жәрдемнің 3 қосалқы станциясы бар.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БАР

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында биыл барлық негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасты. Жыл басынан бері қысқамерзімді экономикалық индикатор 118,6 пайызды құрап, бұл көрсеткіш республика бойынша ең жоғары деңгейде тіркелді.

Қала басшысының айтуынша, елорда экономикасына тартылған инвестиция көлемі 2,1 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 23,6 пайызға өскен. Инвестицияның басым бөлігі, яғни 66 пайызы – жеке сектордың үлесінде. Бұл бизнес өкілдерінің Астана экономикасына деген сенімі мен іскерлік белсенділіктің артқанын көрсетеді.

– Шағын және орта бизнес қала экономикасының негізгі тірегіне айналып отыр. Қазіргі таңда ШОБ саласы қаладағы жұмыс орындарының 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Биылдың өзінде 73 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылып, жұмыссыздық деңгейі 4,3 пайызға дейін төмендеді. Сондай-ақ 3,9 млн шаршы метр тұрғын үй салынды, бұл ел бойынша берілген тұрғын үй көлемінің ¼. Жыл соңына дейін 5 млн шаршы метр тұрғын үй іске қосылады, – деді әкім баспасөз конференциясы барысында.

Әкімнің айтуынша, аталған нәтижелер елорданың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың жемісі болып отыр.

Сонымен қатар қала әкімі заңсыз салынатын құрылыстардың жолын кесу мәселесін көтерді. Оның айтуынша, рұқсатсыз құрылысқа тосқауыл қою үшін айыппұл мөлшерін еселеп арттыру қажет. Жеңіс Қасымбек бұл талап қала құрылысы нормаларын сақтау мен тәртіпті күшейтуге бағытталғанын атап өтті.

АЛДАҒЫ ЖЫЛЫ 12 МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Елордада әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, Оқушылар сарайы, медициналық мекемелер, спорттық нысандар және өзге де әлеуметтік нысандар бар.

«Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша рекордты көлемде мектеп салынып, пайдалануға берілді. Атап айтқанда, 66 мың оқушыға арналған 24 оқу орны ашылды. Осы 24 мектептің 16-сы Мемлекет басшысының «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынды. Жаңа оқу жылының басынан бері тағы 9 мектеп өз жұмысын бастады. Ал келесі жылы тағы 12 мектептің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр» деді Астана қаласының әкімі.

Сонымен қатар елордада мемлекеттік балабақшалардың құрылысы қайта жанданды. Биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 4 балабақшаны пайдалануға беру көзделіп отыр. Ал келесі жылы тағы 5 балабақша ашу жоспарланған, олардың қатарында жекеменшік балабақшалар да ететін заманауи экожүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.



БИЫЛ 3,9 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ, БҰЛ ЕЛ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ КӨЛЕМІНІҢ ¼. ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 5 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

ТЫНЫСТЫ КЕҢЕЙТКЕН «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Әкімнің айтуынша, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында елордада 325 заңсыз қоқыс үйіндісі жойылып, 120 мың тоннадан астам қалдық шығарылған. Қалдықтарды шығарудың цифрлық мониторинг жүйесі енгізіліп, тұрғындардың шағымы 99 пайызға азайған. Сондай-ақ 2026 жылдың екінші тоқсанында шетелдік инвесторлармен бірлесіп, тәулігіне 2 250 тоннаға дейін қоқыс өңдейтін және электр энергиясын өндіретін зауыттың құрылысы басталып, нысан 2028 жылы іске қосылады. Кешенді шаралардың нәтижесінде соңғы үш жылда атмосфераға шығарылатын зиянды заттар көлемі 32 пайызға төмендеген.

Баспасөз мәслихатында Жеңіс Қасымбек қаладағы негізгі проблемалар ретінде инженерлік желілердің тозуы мен көлік жүктемесінің артуын атап өтті. Сондай-ақ балабақша орындарының жетіспеушілігі мен заңсыз құрылыс салуды тізгіндеу мәселелерін шешу үшін жүйелі шаралар қабылданып жатқанын айтты. Әкімнің сөзінше, елордада су және энергия тапшылығы жоқ.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, Астананың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін барлық негізгі бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін арттыру, көлік жүктемесін азайту және экологиялық жағдайды жақсарту елорда тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған негізгі басымдықтар болып қала береді.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КӨЛІК ЖҮЙЕСІ ДАМИДЫ

Сонымен қатар баспасөз мәслихатында қала әкімі көлік инфрақұрылымын цифрландыру мәселесіне де тоқталды. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, елордада интеллектуалды көлік жүйесін дамытуға ерекше назар аударылып отыр.

Әкімнің мәліметінше, қазіргі таңда қаладағы бағдаршамдардың 40 пайызы автоматты режимде жұмыс істейді. 2027 жылға қарай Астана көлікті басқарудың интеллектуалды жүйесіне толыққанды көшпек. Бұл жүйе үздік әлемдік тәжірибелерге негізделіп, жол қозғалысын тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Smart city жобасы аясында қауіпсіздікті күшейту және жедел әрекет ету мақсатында бейнеаналитикасы бар 20 мың камера орнатылып жатыр. Қазіргі таңда қаладағы әрбір екінші қылмыс бейнебақылау камераларының көмегімен ашылады. Интеллектуалды көлік жүйесі мен Smart city шешімдері қаланы басқарудың бірыңғай цифрлық платформасына біріктіріледі.

Әкімнің сөзінше, бұл шаралар жолдардағы жүктемені азайтып, тұрғындар үшін қозғалысты ыңғайлы, жылдам әрі қауіпсіз



№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАР – НАҚТЫ ЖАУАПТАР

Негізгі баяндамадан соң қала әкімі Жеңіс Қасымбек журналистердің елордаға қатысты өзекті мәселелер бойынша қойған сұрақтарына жауап берді. Оның басым бөлігі қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету, жол жөндеу және салу, кептеліс мәселесін шешу және ЛРТ құрылысы жайында болды.



КЕПТЕЛІСТЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Қаладағы кептеліс мәселесі елордадағы халық санының жыл сайын жылдам өсуімен байланыстырылады. Астанаға әр жылда 100 мыңға жуық адам жан-жақтан көшіп келеді.

– Қаланың өзінде тіркелген автомобильдер саны – 450 мың. Одан бөлек күніне 100 мыңдай жеке көлік қала іргесіндегі өңірлерден келіп кетеді, транзитпен өтеді. Келесі жылы көліктер саны одан да көп болады. Күнде өсіп отыр. Сондықтан қаланың өсуімен байланысты мұндай мәселелер бірге туындай береді. Оны шешу үшін әрине, бірнеше маңызды шаралар қабылдануда. Соның ішінде жаңа көшелер салу, мысалы, былтыр Ш.Айтматов көшесін аштық, оны айналма жолға дейін Қосшыға қарай созамыз. Себебі Қосшыдан өте көп машина келеді. Пригородный тұрғын алабына дейін Тәуелсіздік көшесін сол жерге дейін созып апарамыз. Ол – Тұран, Мәңгілік ел, Қабанбай көшелерімен параллель өтетін жол. Бұл өзгеріс осы негізгі үш жолдағы кептелісті азайтады деген жоспар бар. Осындай жобалар аз емес. Баяндамада айтып өткендей биыл 60 шақырым жолды жөндеп, 14 км жолды жаңадан салдық, – деді әкім.

Кептеліс мәселесін шешуде ЛРТ желісінің де тиімділігін айта келе, әкім аталған көлік желісі алдағы 2 айда іске қосылып, бұл Нұра ауданындағы осы мәселенің



түйінін шешуге септік ететінін атап өтті.

– Бұған қоса ЛРТ құрылысының екінші кезеңінде оны Қосшы қаласына дейін созамыз. Себебі күн сайын Астанаға Қосшыдан 50 мыңдай адам келіп, кетеді. Сондай-ақ 22 мыңдай автомобиль кіріп, шығады. Сонымен қатар Қосшыда тұратын азаматтардың көбі Сарыарқа мен Байқоңыр ауданындағы мекемелерде жұмыс істейді. Олар Есіл мен Нұра ауданын транзитпен кесіп өтеді де, таңертең және кешке қосымша кептеліс мәселесін күшейте түседі. Негізгі кептеліс осы аудандар мен көпірлерге баратын жолдарда болады. Мәңгілік ел көшесінде Министрліктер үйі тұсындағы екі жағында екі көпірге баратын жол, сондай-ақ Д.Қонаев, Сарайшық, Сығанақ және Тұран, Қабанбай батыр, осы 5-6 көшеде негізгі үлкен кептелістер болады. Алдағы уақытта тағы қосымша 2 көпір салуды жобалап жатырмыз, олардың құрылысы келесі жылдың аяғында басталады деп жоспарлануда. Соның бірі Хусейн бен Талал көшесінен әрі жалғасын тауып, Орталық мешіт жанынан өтіп, Есілге дейін барады. Екіншісі Ш.Айтматов пен Тұран көшелерінің ортасынан Кенесары көшесіне шығатын көпір болады. Бұл да кептелісті азайтуға септік етеді, – дей келе әкім осы ретте қоғамдық көліктер санын көбейту де осы мәселені шешуге ықпал ететінін жеткізді. Сондықтан елордалықтар қоғамдық көлікке көшіп, автобустар да халық үшін жайлы, сервисі жоғары деңгейде болса жеке автомобильдер санын азайту арқылы кептелісті болдырмауға әсер етеді.

– Сонымен қатар тағы бір ірі жоба – Қабанбай батыр көшесінде Қосшыдан бастап 2-3 қабаттан жолдар салу. Басқа елдерде осындай жобалар кептеліс мәселесін шешу үшін 10-15 жыл бұрын қолға алынды. Өсіп, дамып жатқан қалаларда бұдан басқа жолы жоқ. Жалпы транзитті, екінші деңгейде өтетін көшелерді 1-2 жылда салып іске қоссақ, кептелісті 2 есе азайту мүмкіндігі бар, – деді Ж.Қасымбек.

Әкім мемлекеттік органдар мен бірқатар ұлттық компаниялардың жаңа жұмыс кестесі қаладағы негізгі магистральдарға түсетін жүктемеге қалай әсер еткенін айтты. Оның сөзінше, таңғы қарбалас уақытта сағат 8.00, 9.00 және 10.00 аралығында негізгі көшелердегі автокөлік саны 10-15%-ға азайған. Ал магистральдардағы жүктеме 5-10%-ға төмендеген.

– Мәселен, қыркүйек айының басында таңғы қарбалас уақытта Мәңгілік ел даңғылымен 4 152 автокөлік өтсе, жұмыс кестесі өзгергеннен кейін өткізу қабілеті 4 420 көлікке дейін артқан. Бұл шамамен 8-9%-ды құрайды. Осындай оң динамика басқа да негізгі көшелерде байқалады. Сонымен қатар бір жыл ішінде қоғамдық көлікпен қатынау үлесі 43%-ға артқан, ал тәуліктік жолаушылар ағыны шамамен 37%-ға ұлғайды, – деді әкім.

АВТОБУСПЕН ЖҮРЕТІНДЕР КӨБЕЙДІ

Әкім Астанада қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті. Қазір елордада 1700 автобус жұмыс істейді. Бірақ әкім соның өзі қазіргі жағдайда жеткіліксіз екенін айтты.

– Біздің есебіміз бойынша дәл бүгінгі таңда тағы қосымша 1 мыңдай автобус керек. Алдағы 2-3 жылда автобустар саны 2500-3000-ға дейін барады. Былтыр күзде күніне қоғамдық көлікпен жүретін елордалықтар саны 850 мың адам еді. Ал биыл күніне 1 млн 150 мың адам автобуспен жүреді. Бұл көрсеткіш күн сайын өсіп отыр. Себебі қазір автобуспен бір жерге бару өте ыңғайлы. Алайда көлік қозғалысының қауырт уақытында автобуста адамдар қатты толып кетеді. Сондықтан олардың санын көбейтіп жатырмыз. Ол жағынан Үкімет бізге «Бәйтерек» холдингі арқылы көмегін беруде. Астанада қоғамдық көлік тасымалын ұйымдастыру бойынша 6-7 компания жұмыс істейді, оның біреуі – коммуналдық, қалғандары – жекеменшік. Бәрі бірлесіп биыл 422 автобус алды. Келесі жылға 500-дей автобус алуды жоспарлап отыр. Жыл сайын осы деңгейде жұмыс істесек, 2-3 жылда 2 мыңнан асып кетеміз. Еуропада қоғамдық көлікті пайдаланатын адамдар саны жалпы халқының 70-80 пайызын құрайды. Ал елордада 40 пайыздан аспайды, – деді әкім сұраққа жауабында.

Сонымен қатар busline тиімділігіне тоқталды. Автобуспен жүретін азаматтар үшін бұл жолақпен жүру өте қолайлы. Себебі ол жермен жүру жылдамдығы басқаша. Сондықтан әкімдік оның шақырымдарын жыл сайын көбейтіп келеді. Қазір қалада оның ұзындығы 140 км болса, келесі жылы қосымша 30 км қосылады. Әкім бұл жұмыстар жылда жалғаса беретінін айтты. Оның үстіне ол жұмыстар Астананың Бас жоспары сияқты негізгі құжаттарда қарастырылған.

ЕЛОРДАЛЫҚТАР САНЫ 1,6 МЛН АДАМНАН АСТЫ


Қараша айында елордадағы халық саны 1,6 миллион адамнан асқан. Халықтың жыл сайынғы өсімі қаланың коммуналдық қызметтеріне түсетін жүктемені арттырады.

– Маятниктік миграция есебінен елордаға күніне 200 мыңнан астам адам келеді. Сондай-ақ 100 мыңға жуық тіркелмеген азамат бар. Тұрғындар санының артуы инфрақұрылымды алдын ала дамытуды талап етеді. Өздеріңіз білетіндей, екі жыл бұрын қала су мен жылу қуатының жетіспеушілігіне тап болды. №3 сорғы-сүзгі стансасы мен Астана су қоймасынан екінші су құбыры желісін аяқтау арқылы қосымша тәулігіне 60 мың текше метр ауыз су қамтамасыз етілді. Жалпы алғанда, қаланың су тұтыну көлемі тәулігіне 350 мың текше метрді құрайды, – деді Ж.Қасымбек.

Биыл төртінші сорғы-сүзгі стансасының құрылысы басталды, ол қаланы алдағы ондаған жыл бойы тұрақты сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Бірінші кәріз-тазарту стансасының қуаты арттырылып, екінші стансаның құрылысы басталды. Индустриалды парк, Көктал және Өндіріс тұрғын алаптарында жергілікті кәріз-тазарту құрылғыларының жобалары жүзеге асырылуда. Бұл жобалар 2027-2029 жылдар аралығында аяқталып, су бұру мәселелері толықтай шешіледі. Сонымен бірге жаңа жылу көздерін енгізу жылу жүйесінің қуатын 34 пайызға арттырды. Қазіргі жылыту маусымы штаттық режимде өтіп жатыр.

– Жылу қуатын сақтап қалу үшін жаңа «Тельман» газ жылыту стансасының құрылысы жүріп жатыр. Екінші жылу электр орталығын кеңейтуге дайындық және үшінші жылу орталығының келесі кезегін жоспарлау басталды. Президент тапсырмасына сәйкес, елорданы газдандыру жұмыстары аяқталуда. Қаланың 95 пайызы газбен қамтылып, газ 14 тұрғын алапқа жеткізілді. Келесі жылы 100 пайызға жетеміз, – деді Жеңіс Қасымбек.

ҚОҚЫС ӨҢДЕЙТІН СТАНСА САЛЫНАДЫ




Әкім брифингте Астанада шығарылатын қоқыс қайда кететіні туралы сұраққа жауап берді. Ол қалада күніне 2250 тонна қоқыс өңдейтін және жағатын стансa салынатынын айтты.

– Қоқысты қай жаққа жібереміз? Біз шетелдік компаниямен бірлесіп, қоқысты өңдейтін және жандыратын стансa салайық деп жатырмыз. Қазіргі таңда қаладан шамамен 1500 тонна қоқыс шығарылады. Оны салуға 3 жыл уақыт кетеді. 2028 жылы іске қосамыз, 2029 жылы толығымен жұмыс істейді деп жоспарлап отырмыз. Жалпы Қазақстан бойынша бұл бірінші зауыт, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ ол қалада қоқыс күніне екі рет шығарылатынын айтты. Екі жыл бұрын қоқыс шығарумен тек Clean city компаниясы ғана айналысқан. Қазір 4-5 компания қоқыс шығарады, жалпы қоқыс күніне екі рет шығарылады. Бұрын әрбір ауданда күніне қоқысқа қатысты 60-70 наразылық фактісі болса, қазір қала бойынша күніне қоқысқа қатысты 5-6 мәселе тіркеліп, олар дереу шешіліп отыр.

Бетті дайындағандар
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ, Райхан РАХМЕТОВА



ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР КӨБЕЙЕ МЕ?

Әкімнің айтуынша, қалада жылына 50-ден 100-ге дейін жылы аялдама іске қосылып жатыр. Бірақ қала аумағы өсіп, жаңа аудандар пайда болуда.

– Былтыр елордада алтыншы аудан пайда болды. Қаланың даму деңгейі осы қарқынмен жалғасса, алдағы жылдары тағы да жаңа аудандар қатары артуы мүмкін. Жалпы, бір жылы аялдама құны 10-15 млн теңге тұрады. Бұл, біріншіден, бюджетке байланысты. Екіншіден, жылы аялдамалар негізінен, адам көп тұратын аумақтарда қойылады. Жылына әр ауданда шамамен 15 жылы аялдама орнатылады. Бұл жұмыс әрі қарай да жалғасады. Бюджет қаржысына байланысты салынады, – деді елорда әкімі.

Жылы аялдамалар – әкімдіктің бақылауында. Күнделікті тексеріледі.

– Оған әртүрлі адамдар кіреді. Олардың бәрі жанашырлықпен қарамай, сындыруы мүмкін. Дегенмен сынған жерлері болса, дереу жөнделеді. Яғни белсенді қала тұрғындары зақымданғанын байқаса, бірден смартфондарымен суретке түсіріп, әлеуметтік желіде жариялайды. Сол бойынша қадағаланып, жөнделіп отырады, – деді Жеңіс Қасымбек.



№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында аянбай еңбек еткен танымал тұлғалардың қоғам дамуына қосқан өлшеусіз үлесін бағалау жас ұрпақ үшін қажет. Сондай айтулы тұлғамыздың бірі – Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, Мемлекеттік хатшы, Сенат төрағасы қызметіне дейін көтеріліп, кезінде Президент Әкімшілігін басқарған, кейінірек қоғамдық жұмыспен айналысқан мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімұлы ағамыз жуырда 81 жасқа толды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫН БИІКТЕТКЕН ТҰЛҒА



1990 жылдың 25 қазанында қазақ халқы үшін ең құнды құжат – Егемендік туралы декларация қабылданды. Бұл – өзге халықтармен тереземіз тең екенін білдіретін тарихи құжат. Осы тарихи оқиғаның бел ортасында Оралбай Әбдікәрімұлы да жүрді. Ол – егемен Қазақстан іргетасының қаланып, ел болып қалыптасуымыздың бастауында тұрған тұлғалардың бірі. Бірнеше дәуір алмасқанда мемлекеттік маңызды басқару құрылымдарында еңбек етіп, жаңа қоғам құру мен жаңа формацияға өту кезеңінде туған халқының бақытты өмірі үшін тер төкті.

Өмір дерегіне көз жүгіртсек, Оралбай Әбдікәрімұлы 1944 жылы 18 желтоқсанда Қарағанды облысында туған. Балалық шағы соғыстан кейінгі қиыншылық кезеңге дөп келгенмен, ол орта мектепті ойдағыдай бітіріп, Кеңес әскерінің қатарында әскери борышын өтеді. 1969 жылы орта арнаулы білімі туралы дипломын қолына алып, кәсіби-техникалық училищеде өндіріс шебері болып қызметін бастады. Ол алғашқы күндерден-ақ ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде және Алматыдағы Жоғары партия мектебінде білім алған соң, ол 15 жылдан астам уақыт Қарағанды облысының комсомол және партия ұйымдарында табысты еңбек етті. 1985 жылы партия қызметіндегі және қоғамдағы іскерлік, көшбасшылық қыры ескеріліп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппаратына жұмысқа шақырылды. Одан әрі еңбек жолы Қазақ КСР, ал кейінірек Қазақстан Республикасының орталық органдарымен байланысты болды.

Кеңес кезеңінде ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру-партия және кадр жұмысы жөніндегі бөлімнен бастап мансап жолының барлық баспалдағымен жүріп өтті. Өзі қарапайым болғандықтан, Оралбай Әбдікәрімұлы тек облыстық қана емес, аудандық және ауылдық деңгейдегі басқарушыларды қалыптастыруға, кадрлық резервті дайындауға, жоғары лауазымды тұлғалардың іскерлік, көшбасшылық қасиеттерін зерттеуге және өңірлердегі болашағы зор шенеуніктерді республикалық қызметтерге ұсынуға айрықша көңіл аударды.

Бұл саладағы озық тәжірибесі Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік аппаратын құру мен қалыптастыруда көп көмегін тигізді. Ол 1989-1991 жылдары өзі атқарған қызметімен қоса, Орталық сайлау комиссиясы төрағасының сайлау және Қазақ КСР халық депутаттары туралы пікір жинау жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. КСРО-дағы қайта құру кезеңінде одақтас республикалардың жоғары кеңестеріне де сайлау өткені мәлім. Сол кезде Оралбай Әбдікәрімұлы еліміздің жоғары өкілетті органына демократиялық, әділ сайлау өткізуді ұйымдастыру ісіне белсене қатысты. XII шақырылымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі еліміз үшін тарихи маңызы зор екі құжатты қабылдағанын білеміз. Оның бірі – 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация, екіншісі – 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң.

1991 жылдың қыркүйегінде Оралбай Әбдікәрімұлы Қазақ КСР Президенті аппаратының және Министрлер кабинетінің ұйымдастыру-инспекторлық және аумақтық даму бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Мемлекеттіліктің қалыптасуының жаңа кезеңінде өңірлердегі Президент өкілдерінің орынбасары, топ басшысы, ал кейіннен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. 1999 жылдың желтоқсанында Парламент Сенаты депутаттарының жаңа құрамы О.Әбдікәрімовті осы палатаның төрағасы етіп сайлады. Сол кезеңдегі еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер мемлекеттілігімізді құқықтық қамтамасыз етуді талап етті. Парламент Сенаты өзіне жүктелген өкілеттіктер шеңберінде заңнамалық қызметтерді тиісті деңгейде жүзеге асырды. Мәселен, 2000 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданды, ол қазіргі уақытта да қолданыста. Әлеуметтік-экономикалық заңнаманы жетілдіруге қатысты көптеген жаңалық енгізілді: банктер және банк қызметі; бюджет жүйесі; сақтандыру қызметі саласы; салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және тағы басқа заңдар қабылданды. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын бірқатар халықаралық шарт ратификацияланды.

Сенат қызметінің маңызды бір бағыты – әртүрлі деңгейдегі парламентаралық ынтымақтастық. 2000 жылы О.Әбдікәрімұлы бастаған Парламент Сенатының делегациясы бейбітшілік сенаттарының форумына, бейбітшілік ұлттық парламенттері төрағаларының конференциясына қатысты. Үшінші мыңжылдықтың басында Сенат одан әрі парламентаралық ынтымақтастық мақсатында парламентаралық байланыстарды едәуір кеңейтті. 2002-2004 жылдары Оралбай Әбдікәрімұлы ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясының төрағасы болды.

Көп ұзамай ол Парламент Сенатының төрағасы қызметінен босатылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып тағайындалды. Бұл қызметте 3 жылдан астам жұмыс істеді. 2007 жылдан 2013 жылға дейін О.Әбдікәрімұлы Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды. Қазақстан Парламентінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосып, заң шығарушы органның беделін көтеруге барынша еңбек сіңіргенін күллі ел біледі.

Міне, 12 жылдан астам уақыт зейнет демалысына шыққанмен, ол үйде қол қусырып қарап отырған жоқ. Өзінің еңбексүйгіштік және табандылығының арқасында өмірлік ұстанымдарынан бас тартқан жоқ. Мемлекеттік қызметтің ең жоғары лауазымына дейін жетіп, өмірін осы салаға арнаған мемлекет және қоғам қайраткері зейнет жасына жетсе де, қоғам дерті – жемқорлықпен күресті жалғастырып, «Жаңару» қоғамдық бірлестігінде құрметті төраға қызметін атқарады. Ол қай қызметті атқарса да, қай салада еңбек етсе де, шынайы жауапкершілік, әділеттілік пен айналасындағы адамдарға ізгілікпен қарау сияқты адами қасиеттерінен айныған емес.

– Анамның «Қолыңнан келгенше кісілерге көмектес» деген аманатына өмір бойы адал болып келе жатырмын. Жоғары тәртіптік кеңесте, Жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияны басқарғанда күніне 30-дан аса арыз түсетін. Сондағы арыздар бойынша азаматтардың мәселесін шешуде ешкімнен тайсалмай, оң шешімін табуы үшін күрестім. Жемқорлыққа байланысты «Бірінші басшы өзі тағайындаған адамы жемқорлықпен ұсталса, өзі де отставкаға беруі керек» деп ұсыныс бердік. Осы мәселе заңға енді. Қабылданған заңдар сыбайлас жемқорлық тетігінің бар-жоғына мемлекеттік сараптамадан өтуі керек. Әр заң жобасы қоғамдық сараптамадан өту керек. Әсіресе 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін қабылданған заңдардың бәрін сол сараптамадан өткізу қажет деп біз ұсыныс жасадық. Себебі сол заңдарда жемқорлыққа жол ашатын баптар бар. Қазір жемқорлықтың тоқтамай жатқаны – соның кесірі, – дейді Оралбай Әбдікәрімұлы бір сөзінде.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметтің ардагері «Қансонар» аңшылар және аңшылық шаруашылық субъектілері қоғамдық ұйымына басшылық етеді. Қазақтың тазысы мен төбеті туралы мәселе көтеріп, оны жоғарыға жеткізді. Генетиканы зерттеу институтында қаны таза тазы иттерді зерттеп, тізімін жасаған да өзі. Ендігі ойы – соларды «қазақтың ұлттық иті» деп халықаралық ұйымда тіркетуді іске асыру. Тынымсыз тірлік, елдік мұрат жолындағы ізгілікті іс.

Сөз соңында тау тұлғамызға зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды бақыт тілейміз!

Айдана СЕГІЗБАЕВА

АРХИВ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Архившілер күніне орай Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның камера залында Астана қаласы Мемлекеттік архивінің 30 жылдығына арналған салтанатты кеш өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шара барысында архив қызметінің шежіресін қамтыған «Жылдар жылнамасы» атты мерейтойлық кітаптың ресми тұсаукесері өтті.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті Ұлттық архив қорын пайдалану және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Ибраим Бабаев сөз сөйлеп, ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықовтың құттықтау хатын оқып берді.

«Архив саласының үздігі» төсбелгісімен Әсел Ысқақова, Гауһар Құлмұхамбетова, Дариға Оспанова, Нұргүл Рысмағамбетова қатарлы сала мамандары марапатталса, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрмет» грамотасы Айнагүл Дайырова, Гүлжан Рысмамбетова, Нағима Түсіпова, Айнұр Кокумбаева мен Салтанат Шакешеваға табысталды.

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп қала әкімінің орынбасары Есет Байкеннің алғыс хатын табыс етсе, Астана қалалық мемлекеттік архиві директорының алғыс хатымен де бірқатар қызметкер марапатталды.

Аталған мекеме директоры Жангелді Бимолдин архив ұжымының атқарған жұмысына тоқталып, мерекеге орай арнайы келіп, қалалық мекеме қызметкерлеріне құрмет көрсеткен лауазым иелеріне алғысын білдірді.

ЕЛОРДАДА – МӘСКЕУ КҮНДЕРІ

Бас қалада Қазақстан мен Ресей астаналары арасындағы бауырластық қарым-қатынастың 25 жылдығына орайластырылған Мәскеу күндері өтті. Атаулы күндердің бағдарламасына мәдени, спорттық, білім беру және іскерлік іс-шаралар кірді.



Жаңа жыл қарсаңында өткен мерекелік шара М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының сахнасында басталды. Мәскеулік Покровка театрының әртістері қойған «Буратино және Аяз ата» спектаклін 400-ден астам жас көрермен тамашалады. Осы кеште Астанаға қонаққа келген Аяз ата астаналық орыс үйі тарапынан ұйымдастырылған «Жаңа жыл ғажайыбы» сурет байқауының жеңімпаздары мен қатысушыларын құттықтады.

«Думан» спорт кешенінде астаналық екі гимнаст көрермендерге шеберлік пен әсемдік мерекесін сыйлады. Көркем гимнастикада өнер көрсетіп жүрген жұлдыздарымыз Ақмарал Ерекешева, Дария Көшербаева, Жәния Ерлан және Ирэн Березовская көрермендерге шеберліктің нағыз үлгісін көрсетті. Жарыс бағдарламасы бойынша көпсайыс, доп, таспа және ұршық көпсайыс, сондай-ақ командалық және жеке жүлделер бақ сынады. Спорт шарасының аясында көркем гимнастикадан жетекші жаттықтырушылар мен спортшылардың қатысуымен жарыс және шеберлік сабағы өтті. Келесі басқосу – Назарбаев университетінде Астана мен Мәскеу қалаларының жас дзюдошылары арасында жолдастық кездесуі. Сайыс барысында жасөспірім спортшылар 52, 55, 57 және +90 келі салмақ дәрежелерінде белдесті. Жарыста әр астанадан 2 ұл және 2 қыз өнер көрсетті. Тартысты өткен жолдастық кездесуде Астана қаласының командасы 3:1 есебімен жеңіске жетті. Сонымен қатар мәскеулік қонақтар «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында ашылған №45 мектепке барды. Оларға экскурсия ұйымдастырылып, заманауи білім беру мекемесінің жабдықтары таныстырылды. Делегацияға сыныптар, кітапхана және спорт залдары көрсетілді, сондай-ақ қауіпсіздік жүйесі мен балалардың оқуы мен дамуы үшін жасалған жағдайлар туралы ақпарат берілді. Мәскеулік спортшылар «Барыс» хоккей клубының ойынын тамашалау үшін «Барыс Арена» мұз сарайына барды. Астана шаһарын аралап, ұмытылмас әсер алды.

Сыртқы экономикалық және халықаралық қатынастар департаментінің басшысы Сергей Черемин Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашық дәріс оқыды. Ол қала дипломатиясы және мегаполистердің халықаралық қатынастардағы рөлі туралы талқылады. Іскерлік бағдарламаның «Мәскеу мен Астананың екіжақты қарым-қатынасы: 25 жыл. Нәтижелер» атты дөңгелек үстел отырысы да мамандарды жинады. Қатысушылар екі астана арасындағы ынтымақтастықтың негізгі кезеңдерін және одан әрі ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

Астанадағы Мәскеу күндері Мәскеу үкіметі ұйымдастырған гала-концертпен және «Мәскеу және Астана: 25 жыл бірге» сыйлығын табыстаумен қорытындыланды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 26 желтоқсан сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы.

2. Астана қаласының аумағында тұрақты және уақытша тұру (болу) орны бойынша тіркеу нормативін бекіту туралы.

3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

4. «Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 маусымдағы №185/23-VIII шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

5. Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы.

6. Астана қаласында жол жүрісі қағидаларымен реттелмеген бөлігінде жол жүрісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

7. Көлік құралдарын Астана қаласының коммуналдық меншігіндегі арнайы алаңдарға, тұрақтарға жеткізгені (эвакуациялағаны) және оларды уақытша сақтағаны үшін төлемақы мөлшерін айқындау туралы.

8. «Астана қаласының көлік жүйесін дамытудың 2025-2035 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы №255/32-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. Елорда аумағының қала құрылысын игерудегі кейбір схемаларды бекіту туралы.

10. «Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №223/27-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

11. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі



ЭНДОСКОПИЯ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Бас қалада Көпсалалы медицина орталығында онкология ауруларын ерте анықтауға арналған жоғары технологиялық Эндоскопия орталығы ашылды. «Жол картасы» аясында жүзеге асқан жоба шеңберінде бөлімше толық жөндеуден өтіп, жаңа медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталды.

2010 жылдан бастап қызмет көрсетіп келе жатқан Эндоскопия бөлімшесіне жаңадан процедура кабинеттері мен құрал-жабдықтар қосылып, орталық болып қайта құрылып, қолданысқа берілді. Бөлімшеде эндоскопия диагностикасының толық спектрі орындалып, науқастар үшін барлық жағдай жасалғаны қуантады. Енді асқазан-ішек жолдары мен өзге ағзалардағы қатерсіз ісіктерді аз инвазивті әдіспен алып тастау сияқты күрделі операциялар жоғары кәсіби деңгейде жасалады.

«Мен 15 жылдан бері осы жерде дәрігерлік қызметімді атқарып келемін. Эндоскоптар әсіресе қатерлі ісік ауруын ерте анықтауға көмектеседі, қажет болған жағдайда, ота да жасаймыз. Біз күн сайын көмей, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, 12 елі ішек, тоқ ішек, мұрынды диагностикадан өткіземіз» дейді бөлімше меңгерушісі Алексей Зеленый.

Көпсалалы медицина орталығының директоры Мұхтар Төлеутаевтың айтуынша, бөлімшенің қажеттілігі жоғары. Жыл сайын эндоскопия зерттеулері мен операцияға сұраныс артып келеді. Бүгінде мұнда елордалық тұрғындармен қатар, өзге өңірлерден келетін пациенттерге де жоғары технологиялық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар ересектер мен балаларға паллиативті қолдау көрсету мүмкіндігі жасалған.

Дәрігерлер қатерлі ісік аурулары әлі күнге дейін қоғам үшін маңызды медико-әлеуметтік мәселе болып отырғанын айтады. Ресми статистика бойынша Астанада онкология аурулары бойынша көрсеткіш өсуде. Мәселен, 2024 жылы 2974 жаңа жағдай тіркелсе, биыл 1 қазанға дейін 18632 науқас диспансерлік есепте тұр.

ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Астанада «Онлайн-медицина» жобасы аясында тұрғындарға 20 мыңнан астам медицина қызметі көрсетілді. Аталған жоба елімізде қыркүйек айында іске қосылды. Қанатқақты бастама 9 өңірді қамтып, 100 медицина ұйымының басын біріктірді.


Жобаны жүзеге асыру барысында барлығы 40 мыңға жуық қашықтан медицина қызметі көрсетілді. Қызметтер барлық деңгейдегі медицина ұйымдарында ұсынылды, нақты айтқанда, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялардан бастап аудандық және қалалық ауруханаларға дейін.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, диагностика зерттеулерінің саны көп болғанмен, тұрғындардың басым сұранысы бейінді мамандардың кеңесіне бағытталған. Атап айтқанда, терапевт, кардиолог, эндокринолог және педиатр мамандарына жазылушылар көп.

Телемедицина жүйесі арқылы ең жиі қолданылған қызметтерге экспресс-диагностика, электрокардиограмма (ЭКГ), цифрлық стетоскоп, отоскоп және офтальмоскоп құралдарымен жүргізілген тексерулер, сондай-ақ созылмалы аурулары бар науқастарды қашықтан бақылау жатты. Жобада жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін технологиямен сенімді жұмыс істеуге үйрету мақсатында 300-ден астам маман арнайы оқытылды.

Жобаны ұлттық деңгейде үйлестіру, әдістемелік қолдау көрсету және енгізу барысын бақылауды С.Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы жүзеге асырды. Бұл қызмет көрсетудің бірыңғай стандарттарын сақтауға және телемедицинаның сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мамандардың айтуынша, пилоттық жоба өңірлерде қашықтан медицина қызметіне деген сұраныстың жоғары екенін көрсетті. Сонымен қатар жоба сапалы көмекке қолжетімділікті арттыруға бағытталған.



ҮЗДІК ЕМХАНАЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Медицина қызметі сапасын арттыру және алғашқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту мақсатында өткен байқауда қаланың ең үлгілі емханалары анықталды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ұйымдастырған байқауға қаланың 42 алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы қатысты. Медицина мекемелерінің қызметі негізгі көрсеткіштер бойынша бағаланды. Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұйымдарға тіркелген, бірақ сақтандырылмаған азаматтар санын азайту, МӘМС жүйесінің артықшылықтары мен қағидаттары жөнінде БАҚ пен әлеуметтік желілерде ақпараттық-түсіндіру жұмысын белсенді жүргізу, қор филиалына түскен шағымдар санын азайту және диспансерлік есепте тұрған науқастардың шұғыл түрде стационарға жатқызылу жағдайы.

Қордың қалалық филиал директоры Гүлжан Шайхыбекованың айтуынша, байқау нәтижесінде бірінші орынды қалалық №4 емхана, екінші орынды «Шипагер» отбасы денсаулығы орталығы, ал үшінші орынды қалалық №7 емхана иеленді. Жеңімпаздарға арнаулы кубок пен құрмет грамотасы табысталып, Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай ақын шығармаларының жинағы сыйға берілді. Сонымен қатар халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын белсенді жүргізгені үшін Республикалық алғашқы медико-санитариялық қызмет орталығы арнайы дипломмен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл байқаудың науқастарға жауап-кершілікпен қарау мәдениетін нығайтуға қосқан үлесі зор.



ҚЫСТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАРАҚАТТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Қыс мезгілінде елордалықтардың жарақат алу қаупі артатыны белгілі. Қар, жаңбыр, ауа температурасының күрт ауытқуы жаяу жүргіншілер үшін қауіп төндіреді. Қаланың штаттан тыс травматологы, басқарма маманы Алексей Солод қала тұрғындарын қауіпсіздік шараларын сақтауға және көшеде ерекше сақ болуға шақырады.



Денсаулық сақтау орталығы мамандарының айтуынша, жарақаттың алдын алу үшін қауіпсіздік мәдениетін сақтау маңызды. Бұл тек көшеде ғана емес, үйде, мектепте, қоғамдық орындарда да қарапайым ережелерді сақтауды қажет етеді. Өйткені қарапайым тұрмыстық қауіпсіздік шаралары жарақат алу қаупін айтарлықтай азайта алады. Әсіресе Астанада жауған қардың күндіз еріп, түнде қайта мұзға айналуы жиі кездеседі. Мұндай жағдайда тротуарларды жұқа мұз қабаты жауып, адамдардың тайып құлау қаупін күшейтеді. Сондықтан мамандар таймайтын табаны бар аяқ киім киюді, асықпай жүруді, аяқ астына мұқият қарауды және ерекше сақ болуды ұсынады. Жолды кесіп өту кезінде телефонға алаңдамау қажет.

Кешкі және түнгі уақытта жарық нашар болғандықтан, сырт киімге көзге көрінетін, яғни жарық беретін элементтер қолдануға кеңес береді. Бұл жүргізушілерге жаяу жүргіншіні алыстан байқап, тежеп үлгеруге мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, балаларға қауіпсіздік ережелерін тек айтып қана қоймай, үйрету керек. Қыс мезгілінде балаларды мұз үстінде жүру ережелерімен таныстырып, олардың мектепке немесе үйге аман-есен жетуіне бақылау жасау ұсынылады.

Жұмыс орындарында профилактика шараларына ерекше мән берілген дұрыс. Жұмыс берушілер аумақтарды дер кезінде тазалап, көктайғаққа қарсы реагенттер себуге міндетті.

Қарт адамдарға арнайы резеңке немесе темір ұшы бар таяқ қолданған дұрыс. Жарығы жоқ әрі мұз қатқан жолмен жүруден бас тартқан жөн. Егер құлау қаупі туса, денені жинап, тізені сәл бүгіп, жанымен құлаған дұрыс. Қатты ауырсыну сезілсе немесе бас айналса, бірден орнынан тұрмай, көмек шақыру қажет. Дәрігерлер жарақат алған жағдайда, міндетті түрде медицина ұйымдарына жүгінуді және ата-аналарға балаларға қауіпсіздік ережелерін үнемі түсіндіріп отыруды ескертеді.

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**





ЖЫЛУ МЕН ЖАРЫҒЫМЫЗ СӨНБЕСІН

Астананы жылумен және электр энергиясымен қамтамасыз етіп, қалаға жылу мен электр қуатын беретін «Астана-Энергия» АҚ-ның 5 энергия көзі бар. Олар: 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО және «ГЖС – Тұран», «ГЖС – Оңтүстік-шығыс» су қыздырғыштары. Аудандардағы су қыздырғыштары сол аумақтарды жылумен қамтамасыз етеді.

Оның ішінде қала электр энергиясының 50-60 пайызын өндіретін 2-ЖЭО тынысы туралы осы орталықтың бас инженері Нұртілек Тасатхан жылу электр орталығының жұмысымен таныстырды. Ол – осы салада 15 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман. 2-ЖЭО-ге машинист-қараушы болып кірген ол кейін ауысым бастығы, турбина цехының аға инженері, жөндеу жұмыстары жөніндегі бастықтың орынбасары, бас инженердің орынбасары қызметтерін атқарған.

БАСТЫ ЩИТ

Жылу электр орталығының барлық процесі осы басты щитте басқарылады. Бұл жұмысты ауысым бастығы қадағалайды. Мұнда 6 турбинаның әрқайсысы қанша МВт беріп тұрғанын көруге болады. Жалпы, 2-ЖЭО тәулігіне 555 МВт-қа дейін электр энергиясын, қыстың ең суық кездерінде 1947 Гкал жылу қуатын беруге қауқарлы. Ал аяз емес күндері орташа жылу беру көлемі 700-900 Гкал мөлшерінде болады. Екінші жылу электр орталығындағы біз барған кезде қыздырылған су көлемі 36 мың текше метрді құрады.

«Жылу транзитінің диспетчері бүгін бізден 91 градус температураны сұрады. Біз сол бойынша орындап береміз. Әрі қарай жылу транзиті аудандарға үлестіреді. Бірнеше күн бұрынғы аязда 1750 Гкал жылу бердік» деді бас инженер.

2-ЖЭО-де 6 су қыздырғыш қазандық бар. Енді 2 қазандық қосу жоспарланып отырғанын айтады мамандар. Оның бірі келесі жылы, екіншісі одан кейінгі жылы қосылуы мүмкін.





Оңалхан ӨНЕРХАН

ТУРБИНА ЦЕХЫ

Екінші жылу электр орталығында 7 цех үздіксіз жұмыс істеп тұр. Түсірілім барысында біз оның бірнешеуін аралап үлгердік. Ең алдымен, турбина цехының жұмысымен таныстық. Мұнда 8 қазандық бар. Оның 6-уы 420 тонна бу (пар) береді. Соңғы екі жаңа қазандық 550 тоннадан бу береді. Алдымен көмір беру цехына көмір келеді. Бір вагон көмір аударылып, астыңғы жақта үгітіледі де, конвеермен жоғарыға, қазандыққа жөнелтіледі. Үгітілген көмір күндіз-түні үздіксіз жанып тұрады. Қазандықтар суды қайнатып, құрғақ буға айналдырып, оны турбина қондырғысына береді. Одан генераторға жалғанып, әрі қарай электр энергиясы бөлініп шығады. Қазандықтар сағатына 1 вагон көмір жағып, 550 тонна бу береді. Бір қызығы, ЖЭО-дағы су пайдаланылған соң еш жерге төгілмейді де, сіңіп те кетпейді. Бу қайтадан суға айналып, ол қайтып қазандыққа беріледі. Әр жерден аққан жарамсыз судың орны ғана қайта толтырылып отырады. Жалпы, су буға, бу суға айналып, орнына келіп отырады.

Химиялық цех сағатына 100-200 тонна тазартылған су береді. Жылу электр орталығына «Астана су арнасы» ауыз суды және техникалық суды жібереді. Ауыз су қазандықтарға, ал техникалық су ультрафиксация арқылы жылу желісіне қолданылады.

«Бір тәулікте 3-4 мың текше метр суды қазандықтарда тазалау арқылы қолданамыз. Ал техникалық жылу желісіне және градирлік салқындатқыштарға тәулігіне 20-22 мың текше метр су пайдаланылады» деді Нұртілек Тасатхан.

Бұл жердегі щитте машинистердің әрқайсысы бір-бір қазандық пен турбиналық қондырғыларды басқарып отырады. Осы жерде отырған 4 машинистің 2-уі екі турбиналық қондырғыға, 2-уі екі қазандыққа жауапты. Бұдан бөлек тағы 4 щит бар. Машинистер қондырғылардың параметрін бақылап, жұмыс істеуін қадағалайды. Олар 12 сағат сайын ауысыммен жұмыс істейді.

«Мұнда бәрі автоматтандырылған. Қандай да бір ақау шықса, машинистердің экранынан көрініп тұрады. Турбина жұмысын тоқтатпас үшін машинист шұғыл түрде шара қолданып, жөндеу персоналы бірден сол жерге жөнелтіледі де, ақауды қалпына келтіреді» деді бас инженер. Суды қыздыратын цехта 6 қазандық орналасқан. Бу арқылы жылу желісінің суы қыздырылады.



МЕХАНИКАЛЫҚ ЦЕХ

Механикалық цехта насосстарға, басқа да әртүрлі қондырғыларға қосалқы бөлшектер жасалады. Мұндағы түрлі станоктан жасалып шығатын қосалқы бөлшектер 2-ЖЭО-ны толық қамтамасыз етуге қауқарлы. Әр станокта бір адамнан жұмыс істейді. Шикізат Қазақстанның әр өңірінен әкелінеді. Ал станоктар Ресейде, Германияда шығарылған. Станокпен жұмыс істейтін мамандар осында оқытылады. Яғни жас мамандарды тәжірибелі тісқаққан шеберлер үйретеді. Кейін олар отандық және шетелдік оқу орындарынан білігін арттырады.

ХИМИЯЛЫҚ ЦЕХ

Химиялық цехта қазандықтарға, жылу желілеріне су тазартылып әзірленеді. Сонымен қатар бу, су талдамалары, олардың циркуляциясы қадағаланып отырады. Цехтағы фильтрлер суды тазалайды. Ал кері осмос сағатына 250 тонна суды тазалай алады. Суды тазалауда түрлі реагенттер қолданылады. Естуімізше, мұндағы мамандардың көпшілігі – әйел адамдар. Олардың барлығы дерлік химия мамандығы бойынша білім алған. Ал бұл – жаңа фильтрлер. Жалпы, мұндағы қондырғылар неміс технологиясы бойынша жабдықталған. Мембраналар техникалық суды тазалайды да, кері осмосқа береді. Оны әрі қарай тазалап, кері осмос қазандықтарға жібереді. Қосалқы конденсат багында артық су қоры жиналады. Біреуінің көлемі – 1200 тонна.

ГРАДИРНЯ

Цехтардағы механизмнің бәрі үздіксіз жұмыс істегендіктен қызады. Градирня соларды салқындатып отырады. Алыстан, қарапайым тілмен айтқанда, мұржа сияқты болып көрінетін мұнара «градирня» деп аталады.

Градирня 12 мың тоннаға дейінгі суды айналдырады. Сол жердегі механизм салқындатылған соң су цехқа жіберіледі. Градирня мен үлкен құбырдан шығып жатқан бу алыстан көпшілікке түтін сияқты көрінетіні рас. Дегенмен ол түтін емес, бу екенін айтады мамандар.

«Оның 0,2 пайызы ғана түтін болуы мүмкін, 99,8 пайызы – бу. Жанған көмір қазандық астына түседі де, каналдармен насосқа барады. Сумен араласып, күлі арнайы бассейнге (золоотвал) жіберіледі. Градирнядан 0,2 пайызы ғана түтін болып шығады. Үлкен бассейнде жиналған қалдық көл сияқты. Күлі астына тұнған соң бетіне шыққан суы қайтадан кері қайтып келіп, қазандықтарда қайта тазартылып қолданылады» деді бас инженер Нұртілек Тасатхан.

Екінші жылу электр орталығы жартылай газбен, жартылай көмірмен жұмыс істейді. Газ да сумен тазартылады. Оның да артық күл-қоқысы бассейнге кетеді. 2-ЖЭО алғаш пайдалануға берілген 1979 жылдан бергі күлге арналған бассейн кейінгі жылдары толған соң беті топырақпен жабылып, үстіне тал отырғызылыпты. Екіншісі Қояндыға бара жатқандағы тасжолдың оң жағында орналасқан. Ол екі секциядан тұрады. Оның бірінші секциясы 7-8 жыл ішінде толса, қазір күл екінші секциясына жеткізіліп жатыр.

«Алғашқысы 35-40 жылға жетті. Сол сияқты осы қолданыстағылар да біраз жыл қызмет етуі үшін кеңейту жұмысы жүргізіледі. Алда жаңасы салынуы да мүмкін. Дегенмен қазіргі таңда шетелдік компаниялар тарапынан осы жерден шыққан күлді 100 пайыз кәдеге жарататын зауыт салу бойынша ұсыныстар айтылып жатыр екен. Олар осы жерден шыққан күлдің құрамындағы құмнан газоблок, бетон сияқты құрылыс материалдарын жасап, жол астына төсеуге қолданбақ. Егер сол жоба жүзеге асырылса, қазіргі бассейн үнемі жұмыс істеп тұра береді» деді Н.Тасатхан.

2-ЖЭО-ның ең бірінші блогындағы қондырғы 1979 жылы, соңғысы 2021 жылы іске қосылған. Бүгінде екінші жылу электр орталығында 1100-ге жуық адам, ал жалпы «Астана-Энергия» АҚ-да 1800-ге жуық адам жұмыс істейді.

Нұртілек Тасатханның сөзінше, мұнда кадр тапшылығы жоқ. Мамандарға әлеуметтік жағынан түрлі көмек көрсетіледі. Мерекелерде сыйақы беріліп тұрады. Шипажайларға ұйымның кәсіподағы тарапынан 50 пайыз жеңілдік қарастырылады. 2-ЖЭО аумағында жұмысшыларға арналған фитнес клуб бар. Онда мамандар тегін жаттыға алады.

– Барша энергетикті кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Біздің еңбегімізді қазақ елінің энергетика қауіпсіздігінің негізі деп есептеуге болады деп ойлаймын. Себебі жылу мен жарық – үйдегі жайлылықтың негізгі факторы. Үйіміз әрқашан жылы болып, жарығымыз сөнбесін. Еңбегіміз жемісті болсын! – деді 2-ЖЭО бас инженері Нұртілек Тасатхан.

Нұрдәулет КӘКІШ

№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

ҒЫЛЫМ-БІЛІМДІ ҚУАТТАЙТЫН РОМАН

Жуырда Ұлттық академиялық кітапхананың сәулетті залында бірнеше әдеби сыйлықтың лауреаты Әділбек Ыбырайымұлының «Жалғыз жолаушы» және «Арзу» атты қос кітабының жұртшылыққа таныстырылымы өтті. Әділбек поэзия және проза жанрын қатар алып жүруімен ерекшеленеді. Ғадетте мұндай тандем сирек кездеседі, екеуі де кесек жанр, біреуін игеру де оңайға соқпайды.



«Арзу» атты романның идеясы – тұтас адамзаттың алдағы тұрмыс-тіршілігін айғақтайтын су және ғарыш мәселесі. Су – тіршілік көзі. Әділбек мұны ғылыми, философиялық, метафизикалық, діни көзқарас арқылы берген. Техногендік жаһандану бәсекесінде кім ұтады? Негізгі басы ашық сауал – осы. Жазушы қазақ прозасына ендігіде аса қажет ғылымилық сипат арқылы жетіңкіремей тұрған кем-кетік қуысты толтыруға аса мүдделі тәрізденді. Ежелден ғұламалар заттардың жаратылысы туралы трактаттар жазып қалдырды. Мектепте физика пәні оқытылғанымен, оған терең бару екінің біріне бұйырмаған. Ал біздің өміріміз тұтас суға байлаулы. Судың қасиеттерін білуге ұмтылу – қазіргі заман үшін өте киелі іс. Әлемде таза су көздері сарқылып барады. Сарапшылар келешекте су проблемасы үшін соғыс өрті тұтану қаупін әлдеқашан болжап қойды.

Жазушы қазіргі дәуір қаһарманын сомдау үшін ғылыми, діни деректерге авантюра, детектив, геосаясат элементтерін бірдей қосып жазған. Өткен-кеткен тарих, бұрынғы мен қазіргі жағдайдың тоғысуы, шежірелік, аңыздық деректерді мол етіп параллель пайдалану романда жиі кездеседі.

Әділбек Иса Мәсіх, Иисус Христос туралы тарауларда христиандық притча-әпсаналы келтіргені қаншалық қажет деп ойладым. Негізінен, батыс және орыс прозасына тән дәстүр екені шындық. Михаил Булгаков «Мастер и Маргарита», Шыңғыс Айтматов «Плаха» атты романда бұл тақырыпты діни-мистикалық астармен қазып жазды. Булгаков вариантын еліге қабылдаған әдеби сын Айтматов нұсқасын аса қабылдаған жоқ.

Судан алынатын энергия, мега-жоба, қазақ жерінің сирек кездесетін металдарға бай болуы төңірегінде қымқуыт оқиғалар шеруі өрбиді. Американдық бизнесмен Гуидо Бертолазо үшін қазақ жеріндегі таза су қоры – таусылмас қаржы көзі. Еліміздегі сирек кен рудалары – келешекте аспанға ұмтылып, ғарышты игеруге аса мүдделі алпауыт елдер үшін көз құрты. Романда шетелдік есімдер аз еместігі тек ке тумаған сияқты. Мұнда алдағыға көз салуды әзір терең игере қоймаған қазақ дүниетанымы және капитал билігіне табынатын жатжерлік психология текетіреске түскен. «Осмий жұлдызды соғыс, жасанды интеллектуалға ие роботтар шайқасы мен Марсты игерудің құралы». Географиялық деректер қоса өрілуі автордың елжанды идеясын астарлайды. «Су басы өзіндікі болмай, жер сенікі емес» деп ұрпаққа өсиет еткен хан Абылай аруағы еске оралады. «Ертеде елді қоныстандырарда бұлақ пен қайнардың қоры мол мекендер таңдалатын еді».

Мегаполисте қос қолдап 20 литрден 40 литр ауызсу тасып жүретін қазақ жігіттерін көргенде ылғи көңілім құлазиды. Тым құрыса, робот молайған дәуірде осынша ауыр жүк тасығы қалай болмақ?

Әбіш Кекілбаев «Шыңырау» культтық повесінде су шығару михнатын тұңғиығынан суреттеді. Жарты ғасыр бұрынырақ бір қазақ ғалымы Бетпақдаланың асты үлкен тұщы теңіз екенін зерттеп тапқан көрінеді. Тек соны игеретін жаңа технология керек. Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан біздің ел қазір қырағы сырт көздер нысанына айналған. Болашақта мұхит жағалауындағы мемлекеттерді су басу үрейі тұр. Автор бүгіннің призмасына өткен тарихи күрделі мезеттерді фрагмент етіп салып отыру арқылы елдік рухты күшейтуге, ғылым мен білімнің қасиетін санаға әбден сіңіруге аса мүдделілік танытқан. «Біз судың рухын ластаймыз. Былапыттауымыздың ауқымы алапат», «Өлі су дейтініміз – энергетикасы жоқ, органикалық тірлік нышанынан ада-күде айырылған сұйықтық».

«Бен галактикадағы аспан денелері мен құбылыстарды зерттеу үшін соңғы қуатты телескоптардың өмірге келуіне бар білімі мен қажырын жұмсады. 2018 жылы «зеңгір қарашығы» TESS орбитаға көтерілгенде, көптеген құпияға ұшырасты. Соның ең негізгісі – Йель. АВАІ. «Астрономиялық Байланыс Айлағындағы Йель – АБАЙ».


Американдық астронавт Бенджамин Роджерс бастапқы әріптерден түзілген аббревиатурадан Абай әлеміне өтіп кетеді. Жақсы сөз – жарым ырыс, сөз энергиясы толқын тудырады әрі хатталған соң материяларын сондықтан болса керек. Діни сарынмен саяси оқиғалар шытырман алмасып отырады. Бақылау камерасы көз сияқты, оған сағыз жабыстыру тыңшылық деталь. Көбінесе кәпір-мұсылман дилеммасы ракурсында автор діни сауаттылығын танытып әрі оның жұмбақтарын интрига тәрізді берген. Қазір жұмыр жерде болып жатқан әлемдік проблемаларды бір романға қат-қабат сыйғызған. Қазақтың жер байлығын қору идеясы: «Бұлақ – бұл жай ғана су көзі емес, органикалық нәр беретін табиғаттың тамыры – өзен-көлдің анасы, өсімдік пен жануар әлемінің сақтаушысы».

Әділбек заманауи саяси тұлғаларды эпизод түрінде романға сыналап кіргізіп отыру әдісін қолданып, мейлінше еркін көсілген. Бұл ретте Арқаның су шаруашылығы саласында туған елге сіңірген ерен еңбегімен танылған біртуар азамат, мемлекет және қоғам қайраткері Жаңбыршы Есетұлы Нұркеновті қаһарман қылып енгізгенде әбден болар еді. Жомарт Айтқазының «Жаңбыршы» атты деректі кітабында ол кісінің үзбей жауған жаңбырда туғаны айтылған. Жаңбыршы ағаның су туралы естелігінде әншейінде бейқам жандар ойланбайтын бір ақиқат таным берілген екен. Әйгілі «Кішкентай ханзада» повесі авторы Антуан де Сент-Экзюпери ұшқыш, Солтүстік Африка аспанында ұшағын атып түсірген соң штурман екеуі үш күн шөлден қаталап келе жатады. «...аптап ыстықта көздері бұлдырап, өлдім-талдым деп 18 км жүргенде алғашқы кездескен адамды дүниенің билеушісіндей қабылдап, бір жұтым судың алдында тұтас адамзаттың дәрменсіздігін жазады. Таңдайына тамшы тамызған бәдәуидің ұлты, нәсілі, діні, білімі, дүниесі, болмыс қасиеттері, жалпы алғанда, өмірдегі жылтырақ дүниенің барлығының құнсыздығын көрсетеді».

Міне, судың қасиеті! Сусыз өмір тұл. Су туралы ғылыми деректер шебер қиюластырған тұстарын дұға тәрізді қабылдап, сүйіспеншілікпен қызыға оқыдым. Бұл туындының түп мақсаты – ел мен жерді, тірі табиғатты қастерлеп, ғылыми жағынан зерделей алатын жас ұрпақ қалыптастыру. Онсыз мынау құбылмалы әлемде ел болу оңайға соқпайды.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

> Баспадан шыққан жаңа кітапқа жолашар баталы сөзді авторлар үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында естуге мүмкіндік жасалған. Кітапхана жазушыларды ерекше энергетикасымен тартып тұрады. Бәлкім, Эрнест Хемингуэй прозасында таңбаланып қалған адам жанына ұялаған мәңгілік мереке символы мәртебелі кітаптарға тиесілі құдірет болуы ғажап емес.



> Жазушы қазіргі дәуір қаһарманын сомдау үшін ғылыми, діни деректерге авантюра, детектив, геосаясат элементтерін бірдей қосып жазған. Өткен-кеткен тарих, бұрынғы мен қазіргі жағдайдың тоғысуы, шежірелік, аңыздық деректерді мол етіп параллель пайдалану романда жиі кездеседі

ҰЛТТЫҚ КОД – ҰРПАҚҚА АМАНАТ





> Ұлттық музейде «Ұлттық код – ұрпаққа аманат» этнофорумы өтті. Іс-шараны Respublica партиясының жанындағы «Әйелдер қанаты» мен «Хас шебер» қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырды.

Елордадан және еліміздің түкпір-түкпірінен келген 300-ге жуық қазақ қолөнерінің жанашырлары қатысқан форумның негізгі мақсаты – ұлттық құндылығымызды насихаттау.

– Қазіргі таңда «Хас шебер» қауымдастығы қанатының астында 100-ден астам қолөнерші топтасқан. Бізді толғантатын мәселе – әлі күнге дейін қолөнершілер өнімін әрі қарай дамыту үшін кейбір тетіктердің жоғы. Соны біз Үкімет деңгейінде көтеріп, заңнама арқылы жүйелесек деп отырмыз. Қолөнершілеріміздің өз бұйымдарын насихаттайтын, сататын ортақ платформасы болса деген тілегіміз бар. Сондай-ақ осы уақытқа дейін қолөнершілердің арнаулы күні болмаса, соны біз келесі жылдың 7 шілдесінен бастап атап өтеміз деп жоспарлап отырмыз, – деді «Хас шебер» қауымдастығының президенті Зиуар Жұманова.

Қатысушылар ауқымды іс-шараның нәтижесінен қолөнершілерге қолдау көрсетудің нақты жолдарын табу күтілетінін айтты.

– Біз қауымдастықтағы хас шеберлердің түйінді мәселелерін тарқатып, өнімдерін нарыққа шығарғымыз келеді. Осы бастамаларымызға қолдау көрсету үшін форумға әкімшіліктен, министрліктен және де өзіміздің ұлттық құндылықты насихаттап жүрген белгілі адамдарды шақырып отырмыз. Қазіргі таңда ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрімізді заманауиландырып, күнделікті өмірге енгізуге жол ашу қажет болса, форумда осыған қатысты көптеген көкейтесті мәселе шешімін табады деген ойдамын. Мәселен, қолөнершілерге сауда орталықтарынан орын сұраймыз, одақтастық құрып, гранттар бөлу сияқты қолдаулар көрсетіледі, – деді Respublica партиясы Астана қаласы филиалы әйелдер қанатының орынбасары Тоғжан Балисан.

Форум аясында өткен панельдік сессияда еліміздің қоғамдық, мәдени және креативті индустрия салаларындағы тұлғалар ой-пікірлерімен, тәжірибелерімен бөлісті. Олар креативті индустрия, мәдениет, ұлттық құндылықтар, ұлт коды, сондай-ақ дәстүрлі және заманауи қолөнер тақырыптарын талқылады.

Астана қаласы мәслихатының депутаты, Saukele бренді мен Sun Events компаниясының негізін қалаушы Сәуле Сәмидин, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы, қоғам қайраткері Бағила Балтабайқызы, технолог-конструктор, дизайнер, KuDAGI брендінің негізін қалаушы Ғалия Құрманбаева ұлттық құндылықтарымызды қазіргі өміріміздің бір бөлшегіне айналдыру үшін қандай әрекеттер жасауға болатынын нақты мысалдармен түсіндірді.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Архивті құнды тарихи құжаттар сақталған алтын сандық десек, астаналық архивте қазақтың бас қаласының қадым замандардан бергі құпияларының қатталған. 22 желтоқсан – Архившілер күні қарсаңында Elordainfo.kz тілшісі осыдан 30 жыл бұрын жеке мекеме болып құрылған Астана қаласының Мемлекеттік архивіне бас сұққан еді. Архив директоры Жангелді БИМОЛДИН осынау ғажайып өлкенің сырларын сақтаған сары қағаздарға тіл бітіріп, қазақ ордасының тарихын қалыптастырған тұлғалар жайлы көптеген деректі айтып берді.



АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ – АСТАНА ТАРИХЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

– Жангелді Бержанұлы, әуелі осы Астана қаласы Мемлекеттік архивінің негізгі мақсаты және қор құрылымына тоқталсаңыз.

– Ақмола архиві тарихының бастауы тым терең жатыр. Соның негізінде өз алдына дербес мекеме болып құрылған бас қаламыздың архиві өз қызметін қала әкімінің шешімімен 1995 жылдың қараша айынан бастаған. Тәуелсіз еліміздің аспаны астында түтінін түтеткен архивке биыл 30 жыл толып отыр. 30 жылда 70-тен астам қызметкер еңбек ететін қаламыздағы белді мекемеге айналды. Қазіргі таңда құжаттардың саны 800 қорға таяу, ал есептік бірліктегі құжатты алып қарасақ 500 мыңға таяу, нақтырақ айтсақ 473 мыңды құрап отыр.

– Елордалық архивте қандай құндылықтар сақталған?

– Жалпы архивке келіп түскен құжаттардың бәрі құнды. Себебі архивке мекемелердің құжаттары келіп түспес бұрын ғылыми-техникалық зерттеу жүргізіледі. Мәселен, мекеменің тарихына, жұмысына, жеке құрамы, хат алмасулар зерттеле отырып сақталады. «Бізге бір ғимараттан екінші ғимаратқа көшуге рұқсат беруді сұраймыз» деген сияқты құжат емес, нақты үлкен проблемалар жазылатын хаттарды тұрақты сақтауға аламыз.

– Осы құндылықтардың арасынан елорда тарихын паш ететін қандай деректерді атар едіңіз?

– Астанада шаһар тарихына қызығушылық танытқандарға таныстыратын, көне Ақмоланың тыныс-тіршілігінен хабар беретін бірқанша тарихи ғимараттар немесе олардың орындары сақталған. Қалада православ мешіттерімен қатар, мұсылман мешіттері болған. Соның ішінде ең бір аты шыққаны – ескі мешіт. Бұл – Ақмола округінің алғашқы аға сұлтаны болған Қоңырқұлжа Құдаймендиннің қаражатына 1838-1842 жылдары тұрғызылған мешіт. Ғибадатхана қазіргі А.Иманов және М.Әуезов көшелерінің қиылысында орналасты. Алайда мешіт 1920 жылғы алапат өрт кезінде түгелдей жанып кетеді. Мешітті салуға қатысты архивте аға сұлтанның сұраныс хаттары сақталған. Одан кейінгі «Жасыл мешіт» – Қоңырқұлжаның мешітінен кейін қалада тұрғызылған екінші мешіт. Халық арасында «Татар мешіті» деп те аталған. Себебі ол татар көпесі Нүркей Забировтің қаражатына тұрғызылған еді, ал «жасыл» деп аталуы – шатырының жасыл түсті болуынан. Жасыл мешіттің орны – қазіргі Республика мен Абай даңғылдарының қиылысы. Өкінішке қарай, бұл күнге дейін қоршауы ғана сақталған. Әктелген, бағандарының үшбұрышты қалпағы көк сырмен сырланған тас қоршауды көрсеңіз, бұл сол байырғы «Жасыл мешіттің» жұрнағы деп біліңіз. Ақмола тарихында Ақмола өңірінен шығып, «Бірінші гильдия көпесі» атанған Қосшығұловтар әулеті де салмақты орын алады. Олардың аты Петерборға дейін мәлім болған. Аңыз бойынша Баймұхамбет Қосшығұловтың үлкен баласы Құрманғали Германияға барып, автомашина жарысына қатысқан екен. Сол жақтан алғаш көлікті көріп, Ақмолаға әкеледі. Елде жоқ жаңа техникаға қызыққан осы өңірдің бай көпесі Кубрин автомобильді өзіне сатуға қолқа салады. Әрине, Құрманғали округтің абыройлы азаматының сөзін жерге тастамайды. Бұл туралы зерттеуші, тарихшы, өлкетанушы Ерлан Күзекбаев «Инфо-Цес» газетіне жазған. Кейін Қосшығұловтың тұңғышы автомобиль зауытын ашу жұмысын бастаған екен. Алайда одан кейін төңкерістер басталып, бұл тек қана арман күйінде қалады. Осы және басқа тұлғаларға қатысты фотодеректер Ақмола өңіріне мәлім, алғашқы фотограф Константин Шахов қалдырған фотосуреттерден көрініс тапқан. Баймұхамбет Қосшығұловтың сол кезеңде кәмпит-тоқаш фабрикасы, «тас дүкені» деп аталып кеткен «лавкалары» болса, солардың қасбеті, ондағы жұмысшы ұжымы Шаховтың фотоаппараты объективі арқылы мәңгілікке естелік болып қалды. 1914-1918 жылдары салынған диірменші Петр Моисеевтің үйі күні бүгінге дейін сақталып қалды. Қала қонақтарының баратын жері. Бұрынғы Торговая көшесі, қазіргі Әзірбайжан Мәмбетов көшесінде тұр. Бұған қатысты Есіл өзені бойында бидайдың шығымы мол болмағанмен, дақылының қаттылығы бойынша ең мықты, жоғары сұрыпты болып саналған деген дерек бар. Сол сияқты қазіргі таңда біздің зерттеушілерімізге, қонақтарымызға көрсете алатын тарихи ғимараттардың бірі – Шестаковтың қызыл диірмені. Бұл ғимарат әлі күнге дейін бар. Сонымен қатар ағайынды көпес Халфиндердің жергілікті халыққа көп қолғабысы тиген. Сауда керуеніне шыға алмайтын, мүмкіндігі жоқ жандардың малын қажетті затына айырбастап әкеліп беріп тұрған. Халфиндердің үйлері бүгінгі заманымызға жетпегенмен, орындары қайда екенін нақ басып көрсете аламыз. Фотосуреттері сақталған. Ақмола халқына Кубрин әулетінің де есімі кеңінен танымал. Оның ескі сәулет өнерінің көзіндей болып сақталған үйі қаламыздың көрнекті көшелерінде тұрғаны көпке белгілі. Кубрин бай көпес қана емес, қалалық Думада басшылық қызметте болған, аумаққа билігі жүріп тұрған жан еді. Осыған байланысты аурухана, мектеп, өрт сөндіру орындары, диірмендер салуға қатысты мәселелерге етене араласқан. Міне, архивіміз бұларға байланысты немесе жанама қатысты құжаттардан бөлек, естеліктермен де құнды. Біз айтқан және басқа да тарихи тұлғаларға қатысты естеліктер Астана тарихын зерттеу жұмыстарының нағыз қайнар көзі болып отыр деп айта аламыз. Осының барлығы – Астана қаласы Мемлекеттік архиві құжаттарының негізі, шаһар тарихының, онымен байланысты ел тарихының бастауы.

– Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері шетелден қандай тарихи құжаттың көшірмесі жеткізілді?

– Бұл бағытта Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 2016 жылдан бастап өте ауқымды іс тындырылған. Көршілес Ресей, Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінің архив мекемелерінде зерттеу жұмысы жүргізілген. Бұл құжаттар қорда сақталған. Солардың ішінде қызығушылығымызды тудыратыны – 1832 жылы Ақмола округі құрылғанда, оның алғашқы аға сұлтаны болып сайланған Қоңырқұлжа Құдаймендин және оның ұлдарын 1837-1847 жылдары Ресей империясының отарлық саясатына қарсы көтерілісті бастаған Кенесары Қасымұлына көмектескені үшін тергеу туралы арнайы құжат. Тарихи мәліметтерде сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендин Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушылардың басты қарсыласы болғаны жазылады. Ал бұл құжатқа зер салсақ, керісінше, ұлт-азаттық көтерілістің көсеміне көмектескені үшін құдаланғаны көрінеді. Қарап отырсақ, ұлт ұландарының қай-қайсысы да «қазақ халқының туын көкке желбіретсем, басына бақ орнатсам» деген ортақ арман-мақсатқа ұмтылған. Бірақ әртүрлі жолды таңдаған. Кенесары Қасымұлы жеке хандық құрып, қазақты жеке мемлекет ретінде дәуірлетсем десе, Қоңырқұлжа Құдаймендин патша өкіметіне арқа сүйей отырып, олардың ғылымын, еңбегін пайдалана отырып, қаланы дамытып, елімізді бақытқа жеткізсем деген ойы болғанға ұқсайды. Одан кейін қалалық Думаға қатысты құжаттар көп әкелінген. Онда қала өміріндегі сәулет, ауыл шаруашылығы, медицина, білімге байланысты материалдар бар. Мәселен, құрылысқа қанша кірпіш бөлінеді, төбесін жабатын ағаштарды қайдан қиып әкелу керек – бәрі қатталған.

– Осы құнды құжаттарға ғалымдар тарапынан сұраныс көп шығар?

– Тарихты сақтайтын қастерлі орында Ақмола қаласына, Қараөткел даласына қатысты хаттар 1737 жылдан басталады. Бұл – шетелден әкелінген құжаттар. Ал негізгі өзіміздің қалыптасып жатқан құжаттар 1915 жылдан басталады. Яғни патшалық Ресей кезеңінен. Одан кейінгі құжаттардың қалпын қамтитын кеңестік кезеңдегі құжаттар және 1991 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстанға байланысты, яғни бүгінімізді дәріптейтін құжаттар. Осы құжаттарға қала, еліміз, шетел бойынша қызығушылық танытушылар өте көп. Неге десеңіз, бұл жерде кезінде үлкен сауда орталығы болса, соғыстан кейін тың игерушілер орталығы болды, одан кейін тәуелсіз Қазақстанның орталығына айналып отыр. Сондықтан құжаттарымызға шетелдіктерден сұраныс көп. Архивке жылына 10 мыңнан аса сұраныс келіп түседі. 300-ге жуық зерттеуші өздері қызығушылық танытып, оқу залында отырамыз деп келеді. Ал жастар жағы көбіне қашықтан сұраныс беріп, қажетті материалдарын электронды түрде алдыра алады. Соның бәрін қамтығанда, бізде 1000-нан астам сұраныс түсіп тұр. Бұл архив мүмкіншілігінің артқанын көрсетеді. Көп жағдайда архивке физикалық келудің қажеті бола бермейді, өйткені құжаттардың барлығы цифрландырылған, заманауи әдіспен, қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған.

– Бас қаланың баға жетпес деректерін сақтаудың ерекше тәсілдері бар ма?

– Арнайы комиссиямыз арқылы мекемелерден сақтауға жататын құжаттарды қабылдағаннан кейін, біз оның ұзақ жыл сақталуын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл үшін түпнұсқаның көшірмесі дайындалады. Сақтық қорын жасаймыз. Ол бөлек қалада, бөлек жерде сақталуы керек. Пайдалану деген ауқымды бағытқа зерттеулер мен сұраныстарды қамтамасыз ету жатады. Бұрын тек негатив арқылы сақтық қорын жасасақ, қазір сақтық қорының да, пайдалану қорының да цифрландырылған нұсқасы бар. Жалпы әке баланың алдында қалай жауапты болса, біз тарихтың алдында солай жауаптымыз. Сондықтан бұл құжаттардың сақталу талаптары ерекше. Архив құжаттарының ішінде темекінің қағазындай жұп-жұқа қағаздар да бар, қалың плакаттар да бар, қазіргі қолданыстағы қағаз да бар, кеңестік кезеңдегі сары қағаздар да бар. Құжаттар тек қағаз түрінде ғана емес, аудио, видео, кино құжаттары түрінде кездеседі. Сол себепті олардың сақталу талаптары әртүрлі. Мысалы, біз қағаз құжаттарын 19-20 градуста сақтаймыз, ал ылғал 55-60 пайыз арасында болуы керек. Оларға тікелей күн сәулесі түспеуі керек, терезелері қараңғылатылған болуы тиіс. Кей архивтерде терезе мүлдем болмайды немесе люминесцентті арнайы шамдар пайдаланылады. Бұл – белгіленген, дәлелденген талаптар. Мекеме «Архив-2025» бағдарламасы аясында қала әкімдігінің қолдауымен еліміздің көптеген өңірінде жоқ құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мәселен, құжат келгенде сақтап қоятын қап, одан соң шаң-тозаңнан арылтатын шаңсорғыш, ламинаттайтын арнайы материал, кесетін құрылғы, ыстықтай құжатты өз формасына әкелетін үтік, реставратордың арнайы жарықты үстелі, құжаттарды сақтайтын қораптарды істейтін үлкен әмбебап құрылғы архив қорының өз деңгейінде сақталуына зор мүмкіндік беріп отыр. Құжат, карталарға арналған сканерлер еліміздегі бізден басқа архивтерде жоқ деп айтуға болады. Бас қаланың архивіне аса көңіл бөлу заңдылық та. Өйткені 1995 жылы құрылған Астана қаласының Мемлекеттік архиві бүгінде елорданың ғана емес, барша еліміздің тарихи, мәдени, саяси дамуының айнасына айналды. 30 жылдық мерейлі тарихында мекеме сан мыңдаған құнды құжаттарды жинақтап, ұлт жадысын сақтауда айрықша рөл атқарып келеді.

Сұхбаттасқан
Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

15.12.2025 №510-4958

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 13 тамыздағы №7194-25-00-4/2110 шешімінің, Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 12 қарашадағы №7199-25-00-4а/1435 қаулысының негізінде, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «Южный» СУИТК, Овражная көшесі, №18/1 учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0437 га, бағбандық үшін Асель Турсуновна Кажиеваға меншікке тиесілі, кадастрлық нөмірі 21-320-098-879 жер учаскесі 2026 жылғы 2 наурыздан бастап 2027 жылғы 2 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта алып қойылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

15.12.2025 №510-4961

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Тұрақ» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Т. Бигельдинов көшесі, №9 үй ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0726 га, жер учаскелері 2026 жылғы 22 ақпаннан бастап 2027 жылғы 22 ақпанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «15» 12
№510-4961 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-026-561	Т. Бигельдинов көшесі, №9 тұрғын үй кондоминиумының қатысушылары	1826	311	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Т. Бигельдинов көшесі, №9 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік

№151 (4895) 23/12/2025 Сейсенбі

ӘЙЕЛ – ӘЛЕМНІҢ АЙНАСЫ

Жуырда елорданың «Жастар» театрында әлем классигі Стефан Цвейгтің «Бейтаныс әйелдің хаты» шығармасы желісімен сахналанған спектакльдің премьерасы өтті. Қойылым режиссері – «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Нұрфат Вахитов.





Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бүгінгі қоғамда әйел құқығы, оларға қарсы жасалатын зорлық-зомбылық мәселесі туралы көп айтылып, көп талқыланады. «Бейтаныс әйелдің хаты» спектаклінің идеясы мен инсценировка авторы, актриса Айнұр Рахипованың айтуынша, ол бұл шығарманы ұсынғанда әйел жанының нәзіктігін, әйел болмысын көрсеткісі келді. Бас кейіпкер анасының бейнесін де Айнұр Асанқызының өзі сомдады. Ал қыз баланың бойжеткенге дейінгі, ересек өмірге араласқанға шейінгі кезеңін спектакльде 7 актриса ойнайды. Атап айтқанда, Әйгерім Түсіпбекова, Перизат Жәрдемова, Жамал Нұржаубекова, Айбибі Іскендірова, Қаламқас Мелисова, Ләззат Қуанышова, Наурыз Сабағатова әр кезеңде көрінеді. Айнұр Рахипованың айтуынша, әр актриса қазақ эпосындағы Жібектің, Баян сұлудың, басқа да белгілі кейіпкерлердің, тарихтағы танымал әйелдердің бейнесін сомдағысы келеді. «Бейтаныс әйелдің хаты» қойылымы арқылы актрисаларға психологиялық бейнені сахнаға алып шығуға, сол арқылы шығармашылығын шыңдауға, кәсіби тұрғыдан өсуге мүмкіндік берілді. Бұл дұрыс та болған сияқты. Себебі бір актрисаға әйелдің баянсыз махаббатын, сүйгенінің немқұрайдылығы кесірінен ішкі арпалысын көрсетуге ауыр болар еді. Қыз бала жазушы жігітке махаббатынан оның бүкіл шығармасын оқып шығады. Бізге спектакльде ерекше ұнаған тұс – осы. Себебі мұнда қазір өзекті болып жатқан жастарға кітап оқытудың мәселесі жатыр. Ал жазушы бейнесін актер Асланбек Жанұзақов сомдайды.

Қойылым сезім мен үнсіздік, үміт пен қайғы, жан мен тән арасындағы мәңгілік тартысқа жетелейді, адам жүрегіндегі адалдық пен мейірімді, жан сұлулығын бәрінен жоғары қояды. Әйел тағдыры махаббат үшін құрбандыққа құрылған тағдыр екенін ұқтырады. Спектакльден әйел жүрегінің нәзік сырлары мен жан қасіретінің айнасы көрінеді.

Жалпы «Бейтаныс әйелдің хаты» – әйел адамның ішкі жан дүниесіне терең бойлауға шақыратын психологиялық драма. Махаббат – адамның жанын тазартып, өмірге мән беретін ұлы күш. Алайда оған немқұрайды қарағанда ол қасіретке айналады. Спектакльдің негізгі айтар ойы – осы. Перзентінен айырылып, өзі ауыр дертке шалдыққан әйелдің сүйгеніне жолдаған хаты – махаббаттың соңғы тынысы, жанның ең соңғы айқайы. Қойылымда көп дүние би, қимыл арқылы көрсетіледі. Бұл тұрғыдан алғанда, хореограф Гүлсая Тәуірхановаға еңбегін атап өту керек.

...Қыздардың махаббатын
ұғу үшін
Жаз болып жайнап,
Қыс болып суу керек;
Қыздардың махаббатын
ұғу үшін
Қыз болып туу керек! – деп жырлайды көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулет. «Бейтаныс әйелдің хаты» драмасы соны ұғуға бір табан жақындатады.

Түпнұсқа туындының жазылғанына бір ғасыр болса да, айтар ойы өзектілігін жойған жоқ. Бала махаббаттан мәңгілікке ұласқан махаббат хикаясы, басқаша айтқанда, «басы көрге кіргенше» махаббат осы күнге дейін бірнеше көркем фильмге, театр қойылымдарына арқау болды.

Поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың әнші, композитор Гүлнәр Шәмшиева әнге айналдырған «Әйел монологы» атты елге белгілі өлеңі бар. Спектакльдің әлқиссасын сондағы *«Сен жанымда жүрдің де / Жанарымды толтырдың жылылыққа, / (Жан жылуын балар ем ұлылыққа). / Тәттілігін сезіндім бұл өмірдің, / Әр күніне тоймадым құныққа»* деген шумақпен ашуға болар еді. Иә, көрші жазушы жігітке ғашық болатын қойылымның бас кейіпкері – қыз бала басында осындай сезімді басынан кешеді. Бірақ баянсыз махаббатқа ұрынады. Фариза ақынның өлеңінде де махаббаттың тәттілігі мен ащы дәмі қатар суреттелген.



ҚЫСҚЫ ЕРТЕГІ ҚОЙЫЛЫМДАРЫ

«Астана Балет» театры елорда тұрғындары мен қонақтарын мерекелік көңіл күйге бөлеуді бастады. Жаңа жыл қарсаңында театр қысқы ертегі қойылымдарының топтамасын ұсынады. Соның алғашқысы – «Щелкунчик» балеті.

Дәстүр бойынша жаңа жылдық репертуардың негізін осы балет құрайды. Бұл туындыны Ресей Халық әртісі Алтынай Асылмұратова Василий Виноненнің редакциясында қойды. Спектакльге «Астана Балет» театрының әртістері, сондай-ақ Қазақ ұлттық хореография академиясының оқушылары қатысады.

Санкт-Петербор классикалық мектебінің ең жақсы үлгілерінің бірі ретінде танылған бұл қойылым премьерадан бері елорданың мәдени өміріндегі бәрі асыға күтетін оқиғалардың біріне айналды. 8 жыл бойы «Щелкунчик» театр сахнасында аншлаг жинап келеді. Жыл сайын көрермен назарына 10-нан 15 ретке дейін ұсынылады.

Балет өзінің мерекелік атмосферасымен, ауқымды көріністерімен, түрлі түсті костюмдерімен және Петр Чайковскийдің сиқырлы музыкасымен баурап алады. Маша мен Щелкунчиктің басынан кешкен оқиғасы көптен бері жаңа жыл маусымының символына, ал осы спектакльді тамашалау көптеген отбасы үшін жақсы дәстүрге айналды.

23 желтоқсан күні жас көрермен үшін балеттің балаларға арналған қысқартылған нұсқасы ұсынылады. Жеңіл, динамикалық және тартымды спектакль балалардың классикалық өнер әлемімен таныса алатындай етіп қойылған. Қойылымда негізгі сюжеттік желілер, мың бұралған би көріністері және Чайковский музыкасының негізі сақталған.

АРДАГЕРЛЕР ЖАРЫСЫ

«Астана қаласындағы Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі елордадағы ардагерлер ұйымдары арасында волейбол жарысын ұйымдастырды.

Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен өткен мерекелік жарыста ардагерлер мен зейнеткерлерден құралған командалар өте тартысты ойын өрнегін көрсете білді. Алаңға шыққан әр команда жеңіске деген жігерін танытты.

– Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері ұйымдастырған жарысқа өз ауданымыздан екі команда қостық. Командалар Сарыарқа аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде спорт үйірмелеріне қатысатын зейнеткерлерден құралды. Өте тартысты әрі қызықты ойындар болды. Бұл жерде ең бастысы жүлде емес, салауатты өмір салты салтанат құрды, ардагерлер арасында достық байланыс нығайды, – деді Сарыарқа ауданы бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің бөлім басшысы, еңбек ардагері Кенжеболат Бапишев.

Жарыс қорытындысында зейнеткерлерден құралған «Ереймен» командасы бірінші орынды жеңіп алса, екінші және үшінші орынды «Сарыарқа-Көктал» және «Сарыарқа-Ардагер» командалары еншіледі. Мерекелік жарыста сынға түскен «Байқоңыр» және «Ауған соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» командалары да жеңіске деген жігерін көрсетті.

«Ауған соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің басқарма мүшесі Нұралы Аубакиров жарысқа қатысушыларға ұйымдастырушылар атынан алғысын білдіріп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар, кубоктар және медальдар табыс етті.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 151
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС